

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 92 (9410) | 1954 жылғы 8 май Сенбі | Шығуына 35 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Егіс жұмыстары барған сайын кең көлемде жүргізілуде. Дәнді дақылдарды себуге колхоздар мен совхоздар түгел дерлік кірісті.

Олай болса, ауыл шаруашылығының барлық еңбекшілері қарқынды үдете отырып, көктемгі егістің деркезінде сапалы аяқталуын қамтамасыз етуге тиіс.

Әрбір трактордың қуаты өнімді пайдаланылсын

Бұл күндері облысымыздың колхоздары мен совхоздарында егіс жұмыстары кең өлемде жүргізіліп жатыр. Демек, оларда егістік жерді жырту, дискелеу, тырмалау, оған тұқым себу сияқты жұмыстар күннен-күнге қулаш жайып, қыза түсіп келеді.

Озат колхоздар, МТС-тер мен совхоздар егіске зор ұйымшылдықпен кірісіп, ауыл шаруашылығының негізі — астық өндірісін шұғыл өркендету жолындағы социалистік жарысты барған сайын өрістетуде. Мұның өзі колхозшылардың, МТС, совхоз жұмысшыларының СОКП Орталық Комитетінің сентябрь және февраль-март Пленумдарының астық өндірісін өркендету жөнінде алға қойған міндеттерін мінсіз орындауға білек сыбана кіріскендіктерін көрсетеді.

Совет ауданындағы «Борьба за коммунизм» колхозының егіншілері егістің алғашқы күндерінен бастап социалистік жарыста қабылдаған міндеттемелерін аброймен орындап келеді. Бұл колхоздың егіншілері Бірінші май мерекесіне дейін 100 гектар тың және тыңайған жерлерді жыртуға, оның 200 гектарына дискелеп, тырмалауға, 120 гектарына тұқым себуге міндеттенген болса, оны 30 апрель күні аброймен орындап шықты. Қазір мұнда жыртылған және тұқым себілген жердің көлемі жоғарыда айтылған мөлшерден екі еседен де артты.

Бұл колхозды Совет МТС-і қамтыды. Колхозда егіс жұмыстарының агротехникалық ережелерге сай және қызу жүргізілуіне МТС механизаторлары зор үлес қосып отыр. Мәселен, М. Игнатенко жолдас басқарған трактор бригадасындағы тракторшылар Т. Бруховец, П. Шерновой, Ландыш жолдас басқарған трактор бригадасындағы тракторшылар А. Синотов, С. Булгаков жолдасстар өз істерінің шеберлері. Олар тракторлардың техникалық күтімін өте жақсы жүргізіп, қуатын өнімді пайдалана біледі. Соның нәтижесінде олардың әрқайсысы сменалық тапсырмаларын асыра орындауға жетісіп жүр.

Конюхов ауданындағы Чистяк МТС-нің Чернуха жолдас басқарған № 3 трактор бригадасы да озат бригадалардың бірінен саналады. Бұл бригада тың және тыңайған жерлерді жыртуға 23 апрельде кірісті. Содан бері тракторларды тоқтаусыз

МТС-тің Коминтерн атындағы колхозындағы № 17 трактор бригадасының тракторшылары Елгунов, Шубаровтар өздеріне жүктелген міндетке жауапсыз қарайды. Бұлар тракторларына техникалық күтімді кезінде жасамайды, оның босаған винттерін кезінде бекітіп отыруды ескермейді. Осындай жауапсыздықтың салдарынан бұлардың тракторларының кейбір бөлшектері сынып, трактор үш тәуліктей жұмыс істемей босқа тұрған. Бұл жағдайларды Булаев МТС-нің директоры Лепехин, бас инженері Логзин, механигі Винодольский жолдасстар білмейді деуге болмайды. Олар мұны біледі. Солай бола тұрса да, олар егіске тракторлардың қуатын тиімді пайдалану жөнінде трактор отрядтарына, сондай-ақ, трактор бригадаларына нақтылы басшылық етпей келеді. Тіпті механик Винодольский жолдас Коминтерн атындағы колхозға екі аптадан бері барған да емес.

Техника қуатын тиімді пайдаланбаушылық фактілері Октябрь ауданында да бар. Бұл аудандағы Коновалов МТС-нің қамтуындағы колхоздар быйыл 29100 гектар егін егуге тиіс. Бұл жауапты және зор жұмысты әрі тез, әрі сапалы аяқтап шығу күресін алдымен МТС-тің директоры Ламазов, бас агрономы Чипин, аудандық партия комитетінің МТС аймағы жөніндегі секретары Телюк жолдасстар ұйымдастыруға тиіс. Бірақ, бұл жолдасстар колхоздарға, олардағы трактор отрядтары мен трактор бригадаларына нашар басшылық жасап келеді. Олар механизаторлардың тракторларды және басқа да техникаларды іске өнімді пайдалануын ұйымдастыра алмай отыр. «Гигант» колхозындағы А. Раиш жолдас басқарған трактор бригадасында тракторлардың жартысына жуығы жұмысқа толық пайдаланылмайды. Бұл бригадаға бөлінген № 23 «ДТ—54» тракторы егіс жұмыстары басталғаннан кейін 5—6 күн жолдеу күтіп, босқа тұрды. МТС-те жанар, жағар майларының, судың кезінде жеткізілмеуінен, тіркеушілердің, май, су тасушылардың жұмысқа уақытында шықпауларынан да тракторлардың босқа тұратын уақыты көп кездеседі.

Көктемгі бір күн—жылға азық. Сондықтан егіске көктемнің қолайлы уақытын босқа өткізбей, оны толық пайдалана

Астық молшылығы үшін күрес—бүкілхалықтық іс

Бір күнде 120 гектар

Петропавл ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының егіншілері мен Асанов МТС-нің механизаторлары астық өндірісін шұғыл өркендету жолындағы бүкілхалықтық социалистік жарысқа қосыла отырып, жер жырту, аңызды тырмалау, жыртылған жерге тұқым себу жұмыстарын бір бірімен ұштастыра жүргізуде.

Бұл колхозда Асанов МТС-нің екі трактор бригадасының мүшелері еңбек өнімділігін күн санап арттырып, зор табыстарға ие болуда. Колхозда бұл күнге дейін 200 гектар жер жыртылды, 100 гектар жер дискеленді және тырмаланды.

Механизаторлар бурнағы күні жұмысталған жерге жаздық бидайдың тұқымын себуге кірісті. Бұл күні колхозда 7 трактор селкасы күні бойы тоқтаусыз жұмыс істеді. Сөйтіп, барлығы 120 гектар жерге тұқым себіді.

Колхоз басқармасы саяластардың тоқтаусыз жұмыс істеуіне барлық жағынан қолайлы жағдайлар жасаған. Колхоздың астық қоймасынан егіс басына тұқымдық дәнді тасу үшін арнаулы транспор бригадасы ұйымдастырылған. Бұл бригаданың мүшелері өз міндеттеріне сондай ұқыптылықпен қарап, тракторлардың тұқымның жеткіліксіздігінен тоқтап қалуына жол берген жоқ.

—Біздің колхоздың колхозшылары, — дейді колхоз председатели Яцевич жолдас, — жұмысты МТС механизаторларымен бірлесіп істейді. Сондықтан да колхозда осы уақытқа дейін тракторлардың тоқтап тұруына жол бергеніміз жоқ. Мұндай бірлік колхозда егіс жұмыстарының сапалы әрі тез аяқталуына мүмкіндік береді.

Шынында да бұл колхозда көктемгі егіс жұмыстары алғашқы күннен бастап ұйымшылдықпен жүргізілуде. Колхозшылар жұмыс қарқынын бәсеңдетпей, өздерінің социалистік жарыста қабылдаған міндеттемелерін аброймен орындап шығатыны сөзсіз.

Ш. ҚАБЫКЕЕВ.

Озат тракторшылар

Быйыл Октябрь ауданындағы Семиполка МТС-нің қамтуындағы колхоздарда

Мүмкіншілікті толық пайдаланамыз

Астық шаруашылығы —біздің колхоз шаруашылығының ең басым саласы. Міне, сондықтан да бүкіл ауыл шаруашылығы өндірісінің негізі —астық шаруашылығын мықтап өркендету біздің колхоз үшін бүгін таңдағы ең басты міндет. Үстiмiздегi жылы 4500 гектар жерге дәнді дақылдар егілетін болса, оның 3100 гектарына аса бағалы азық-түліктік дақыл —бидай себіледі.

Үстiмiздегi жылы егіс көлемі тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен мықтап ұлғайтылақ. Быйыл 2500 гектар тың және тыңайған жер көтеріледі. Мұның 700 гектары ерте көктемде жырттылып, тұқым себіледі, оның ішінде 300 гектар тың жерге «гөрейформе-10» қатты бидайы егіледі.

Көктемгі егісті қысқа мерзімде, жоғары агротехникалық дәрежеде өткізіп, мол өнімнің берік негізін қалау оған алдынала тыңғылықты әзірлік жүргізуге байланысты. Осыны мұқият еске ала отырып, біз көктемгі егіске әзірлікті ерте қолға алдық та оны мезгілінде ойдайдай аяқтадық. Бүкіл егіс көлеміне жоғары сортты тұқым қоры жеткілікті дайындалып, себу дәрежесіне жеткізілді. Ауыл шаруашылық күрал-саймандары да дәл жұмыстарына үлгілі әзірленді. Сол сияқты, әрбір бригада дала қостарымен және басқа да мәдени-тұрмыс қажеттерімен толық қамтамасыз етілді. Бұл бізге көктемнің қымбатты уақытын босқа өткізбей, егіс жұмыстарына мезгілінде ұйымшылдықпен кірісуге мүмкіндік берді.

Кәзір колхоз даласында 5 трактор бригадасы, 4 егіс бригадасы жұмыс істейді. Жер жырту, тырмалау және тұқым себу сияқты негізгі егіс жұмыстары түгелдей механика күшімен атқарылады. Егіншілер мен механизаторлар бүкілхалықтық мереке —Бірінші май күрметіндегі социалистік жарысты кеңінен өрістетіп отырып, егіс жұмыстарының алғашқы күндерінен бастап, еңбек өнімділігін арттыра түсті. Алғашқы екі-үш күннің ішінде —ақ 215 гектар жер жыртты. 470 гектар пар мен зябке жыртылған жер тырмаланды.

Жер жыртуда және тырмалауда Редькин жолдас басқарған комсомол-жастар трактор бригадасының коллективі еңбек

Егістің алғашқы күндерінен бастап трактор және егіс бригадалары тығыз ынтымақтасып жұмыс істеуде. Трактор бригадаларының бірқалыпты өнімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін оларда тіркеуші, жанар, жағар майларын және су, тұқым тасушы болып істеуге тәжірибелі колхозшылар бөлінді. Мұның өзі трактор бригадаларының өнімді жұмыс істеп, егіс жұмыстарының барлық түрлерін сапалы атқаруға қолайлы жағдай туғызуда.

Көктемгі егісті ең қысқа уақыт ішінде агротехникалық талаптарға сай өткізіп, мол өнімнің берік негізін қалау үшін ғылым мен озат тәжірибе табыстарын өндіріске кеңінен енгіземіз. Үстiмiздегi көктемде 500 гектар жерге бидай тұқымы тоғыспалы әдіспен, 120 гектар жерге тары тұқымы мен қатарлы әдіспен себіледі. Бұл—аталған егіс алаңдарынан тұрақты мол өнім алынуын қамтамасыз етеді.

Быйыл картоп пен овощ егісі де едәуір ұлғайтылады. 15 гектар жерге картоп, 26 гектар жерге овощ дақылдары егіледі. Картоп отырғызу шаршы-уялы әдіспен жүргізіледі. Бұған қажетті тұқым қоры да жеткілікті.

Мал азығындық дақылдарды да көптен себеміз. Көктемде 800 гектар мал азығындық көпжылдық шөп, 500 гектар жемшөптік сұлы, 30 гектар жемшөптік қызылша дақыл егіледі. Осымен қатар көк шөп конвейері үшін 100 гектар жерге біржылдық шөп себеміз.

Егіншілер мен механизаторлардың өнімді жұмыс істеуіне барлық жағдайды жасадық. Әрбір бригадада вагоншалар мейдала қостары бар. Егіншілер мен механизаторлар ыстық аспен қамтамасыз етілді. Әрбір бригадада көшпелі кітапхана жұмыс істейді. Егістің алғашқы күндерінен бастап үгіт-бұқаралық жұмысы кеңінен өріс алды. Бригада сайын коммунистер мен комсомолецтерден үгітшілер тағайындалды. Мәселен, № 2 трактор бригадасында комсомолец Жердев, № 3 трактор отрядында коммунист Бубнов жолдасстар үгітші болып істейді. Олар егіншілер мен механизаторлар арасында әртүрлі тақырыптарда әңгіме өткізеді, дауыстан газет оқыды, қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктар шығарады, көрсет

Тракторлар босқа тұр

Булаев МТС-нің қамтуындағы колхоздарда быйыл тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен егіс көлемі көп ұлғайтылады. Осыған байланысты көктемгі егіс кезіндегі дала жұмыстарының көлемі де өткен жылдардағыға қарағанда анағұрлым артады.

Осыған қарамастан МТС қамтуындағы колхоздардың егіс жұмыстарына техника күші өте-өте нашар пайдаланылып келеді. Мысалға Коминтерн атындағы колхозда жұмыс істейтін № 17 және № 18 трактор бригадаларын алайық. Алдымен бұл бригадаларға бөлінген 17 трактордың үшеуі («С—80», «СТЗ—НАТИ», «ЧТЗ» тракторлары) осы уақытқа дейін жөнделмей, МТС мастерскойында тұр. Ал, бригадалардағы тракторлардың көбі сапасыз жөнделгендіктен сынып, уақыттың көбін босқа тұрумен өткізіп келеді. Өте сапасыз жөнделген № 27 «С—80» тракторымен 14 жұмыс күні ішінде небары 2 гектар жер жыртылды, соның өзінде бұл трактор егіс алаңының үстінде тұрып үш рет қайта жөнделді. № 66 «ДТ—54» тракторы 14 күнде 8 сағат ғана жұмыс істеуге жарады, бұл трактордың поршеньдері мүлдем жарамсыз екендігі де тек қызу жұмыс үстінде анықталып отыр.

«Гигант» колхозындағы Демиденко жолдас басқаратын трактор бригадасында да жағдай осындай. Бригададағы «С—80» тракторы май жүретін түтіктердің нашар жөнделуі себепті 12 тәулік бойына жұмысқа қосылмай босқа тұр.

«Страна Советов» колхозы Булаев МТС-мен бір селода орналасқан. Сондықтан колхоздың егіс участоктері де МТС-ке жақын жерде. Бұл жағдай сынып, тоқтаған тракторларды МТС-тің көмегімен дереу жөндеп, жұмысқа тез қосуға мүмкіншілік береді. Бірақ, МТС басшылары (директоры Лепехин, бас инженер Логзин жолдасстар) мұндай мүмкіншіліктерді дереу жойып, техника қуатын дұрыс пайдалануды ұйымдастыра алмай отыр. Мысал үшін мынадай бір фактіні алайық: жақында осы колхозда жұмыс істейтін трактор бригадасындағы «СТЗ—НАТИ» тракторының кейінгі жылдамдығының шестернясы сынды. Тракторшы үшін оны дереу МТС мастерскойына әкелді. МТС-тегілер оған кейінгі жылдамды

жерді жыртып, тырмалап, оған тұқым сеітті. Бұл бригаданың тракторшылары И. Донцов, Д. Терехов, Ф. Берит, С. Бес-сұлтанов жолдастар еңбектің тамаша үл-гілерін көрсетуде. Олар бірде-бір трактор-дың жұмыс үстінде тоқтауына жол бер-мейді. Міне, осы сыяқты зор ұйымшыл-дықтың нәтижесінде аталған трактор бригадаларында еңбектің өнімділігі күн сайын еселеп артып, сменалық тапсырма-лар толық және артығымен орындалып келеді.

Бірақ, істің жайы барлық жерде бірдей деуге болмайды. Егіс жұмыстарының кә-зіргі ең қызу кезеңінің өзінде көп МТС-тер мен совхоздарда техника қуаты әлі де өнімді пайдаланылмай келеді. Трактор отрядтарында және трактор бригадала-рында еңбек тәртібі тиісті дәрежеде емес, жекелеген механизаторлар техника қуа-тын тиімді пайдаланбап, жұмыс уақы-тын да дұрыс пайдаланбай жүр. Сөйтіп, олар жер жыртыуды, тұқым себудің аг-ротехникалық ең қолайлы мерзімінің бір-азын босқа өткізіп алуда. Бұл сыяқты жауапсыздыққа мүлдем төзуге болмайды.

Булаев ауданындағы Коминтерн атын-дағы колхоз егіске өте-өте кеш кірісті. Осыған қарамастан мұнда жұмыстың қар-қыны кәзірге де мейлінше баяу болып отыр. Колхозда бйыл 5 мың гектарға жуық егін егілуге тиіс. Оның 2950 гек-тары осы көктемде жыртылуы керек. Бұл колхозды қамтытын Булаев МТС-і бас-шыларының, оның Коминтерн атындағы колхозға бөлген механизаторларының кі-нәсінен техника қуаты іске сарқа пайда-ланылмай келеді. МТС колхозға 17 тра-ктор бөлген. Шынында бұл орасан зор күш. Егер осынылықты күш іске шебер-лікпен өнімді пайдаланып, онда колхоз егіс жұмыстарында артта қалмаған болар еді. Ама! қанша, осы колхоздағы № 18 трактор бригадасының № 27 «С—80» тракторы сапасыз жөнделгендіктен егіс басталғалы жұмыс үстінде үш рет тоқта-ған. Сөйтіп, бұл трактормен 14 жұмыс күні ішінде небары 2 гектар ғана жер жыртылған.

ССРО Жоғарғы Советінің Президиумында

Азаматтар мен қоғам ұйымдарының кі-елтірушілерге өлім жазасын қолдану туралы талаптарын еске ала келіп және азаматтардың өмір хауіпсіздігін сақтауды күшейту мақсатымен, ССРО Жоғарғы Со-ветінің Президиумы «Отанға опасыздық жасағандарға, тыңшыларға, бүлдіргіштер-

ТЕМІР ЖОЛ ТРАНСПОРТЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ АКТИВІНІҢ БҮКІЛОДАҚТЫҚ КЕҢЕСІ

Москвада, Кремльдің Үлкен Сарайында темір жол транспорты қызметкерлері ак-тивінің Бүкілодақтық кеңесі әлі болып жатыр.

6 майда таңертеңгі мәжілісте 1953 жылғы теміржолдар жұмысының қоры-тындылары туралы және темір жол транспортын мұнан былай да өркендете берудің шаралары туралы баяндама бо-йынша жарыссөздер болды.

лардың, басқа да техникалардың қуатын толық пайдалану қажет. Техника қуатын тиімді пайдаланбайынша, егіс жұмыста-рында жақсы көрсеткіштерге жетуге, егіннен мол өнім алудың негізін қалауға болмайды. Егіс жұмыстарының табысты жүргізілуі әрбір трактордың күн сайын емес, сағат сайын өнімді жұмыс істеуіне, оның екі сменада тоқтаусыз жүргізілуіне тікелей байланысты. Олай болса, МТС-тердің, совхоздардың директорлары, агро-номдары, инженерлері, механиктері және басқа да басшылары трактор отрядта-рында, трактор бригадаларында жиі бо-лып, оларда еңбектің дұрыс ұйымдасты-рылуына, социалистік жарыстың кең өрістетілуіне, агротехникалық ережелердің қатаң сақталуына, жұмыстың саны мен сапасының бірдей артуына нақтылы бас-шылық етулері керек.

Техника қуатын өнімді пайдалану ісін-де, тоқтан қалған машиналарды жұмыс үстінде дереу жөндеп, оларды іске қосу ісінде көшпелі мастерлар шешуші роль атқарады. МТС және совхоз басшы-лары көшпелі мастерлардың ойдағы-дай жұмыс істеуіне, оларда қосалқы бөл-шектердің жеткілікті болуына үнемі на-зар аударып отыруға тиіс. Октябрь, Мам-лют, Преснов аудандарында көшпелі ма-стерскойлардың жұмысы бүгінге дейін қанағаттанғысыз болып отыр. Осы себеп-тен оларда тракторлар жиі тоқтап, егіс жұмыстары төзгісіз баяу өрістетіледі.

Облысымызда көктемгі егісті қысқа мерзімде және агротехникалық жоғары дәрежеде өткізуге қажетті мүмкіншілік-тердің барлығы да бар. МТС-тер мен сов-хоздар жаңа, қуатты техникалармен үз-діксіз жабдықталуда. Жергілікті партия, совет ұйымдары, ауылшаруашылық орган-дары осы мүмкіншілікті іске сарқа пай-далана білуді ұйымдастырулары қажет. Олар астық өндірісін онан сайын өркен-дете беру жөнінде партия мен үкметіміз-дің алға қойған міндеттерін мінсіз жүзе-ге асыру күресіне барлық егіншілерді жұмылдыра білулері керек.

ге, диверсанттарға өлім жазасын қолдану туралы» 1950 жылғы 12 январьдағы ССРО Жоғарғы Советі Президиумы Указы-ның күшін қыламысты ауырататын жағ-дайларда әдейі кісі өлтірушілерге қолдануды ұйғарды.

Күндізгі сағат 4-те кешкі мәжіліс ашылды.

Оның жұмысына Г. М. Маленков, Н. А. Булганин, Л. М. Каганович, А. И. Микоян, М. Г. Первухин жолдастар қаты-насты.

7 майда кеңес өзінің жұмысын онан әрі соза береді.

(СОТА).

тыңайған жерлерді игеруге келген көпте-ген механизаторлар жұмыс істейді. Со-лардың бірі Кубаньнан келген тракторшы Ледовских, Кононенко жолдастар. Олар көзір Жамбыл атындағы колхозда тың жер жыртып жүр. Патриоттар трактор қуатын өнімді пайдаланудың шеберлері екенін жұмыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ көрсетіп келеді.

Мәселен, Ледовских, Кононенко жол-дастар «С—80» тракторымен әрбір смена сайын 11—12 гектар тың жер жыртып, тапсырмаларын үнемі артығымен орын-дауда. Сөйтіп, бригададағы механизатор-лардың өзара социалистік жарысында ал-да келеді. Озат тракторшылар еңбек өнім-ділігін арттыра отырып, аз күн ішінде колхозда 82 гектар тың көтерілуін қам-тамасыз етті. Механизаторлар еңбек қар-қынын алған міндеттеріне сай үдете тү-суде.

А. ТӨКЕНОВ,
Б. ЕСАЛИН.

орында жер жер жыртып отыр. 200 гектар егістік алаңды тырмалап, ылғал жапты. Сондай-ақ аталған бригада тұ-қым себу жұмыстарына да ұйымшылдық-пен кірісті. Тракторшылар Петрунев, Плешивцев, Власов жолдастар жер тыр-малауда және оған тұқым себуге тра-кторлардың қуатын толық пайдаланып, сменалық тапсырмаларын ұдайы артығы-мен орындап келеді.

Кравченко жолдас басқарған трактор бригадасының коллективі де егіс жұмыс-тарын тез және сапалы жүргізуде. Брига-да үш күннің ішінде 180 гектар жер жыртып және оны тырмалады. Сол сыяқ-ты, Процалигин жолдас басқарған тра-ктор бригадасының тракторшылары өз тракторлары жер жұмыстауға түгел қосты. Олар тракторлардың қуатын то-лық пайдаланып, сменалық тапсырманы асыра орындауға жетісуде. Егіске шық-қан бірінші күні бұл бригада жердің әлі толық жұмыстауға келмеуіне қарамастан 40 гектар алаңды жыртып, тырмалады.

қорытындысын жазып, тоқтырып оты-рады.

Міне, мұның бәрі бізге көктемгі егісті мезгілінде, агротехникалық жоғары дәре-жеде өткізуге мүмкіндік береді. Біз үсті-міздегі жылы бүкіл егіс көлемінің әрбір гектарынан орта есеппен 120 пұттан өнім алуға міндеттендік. Партияның Ор-талық Комитетінің сентабрь және фев-раль-март Пленумдарының ауыл шаруа-шылығын онан әрі өркендету, елімізде астық молшылығын жасау жөніндегі қау-лыларында көрсетілген міндеттерді орындау жолына барлық күш-мүмкіншілікті жұмылдырып, астық егілген алаңның әр-бір гектарынан астықты мол аламыз. Ол үшін ең алдымен көктемгі егісті қысқа мерзім ішінде агротехникалық ережелер-ге сай өткіземіз. Бұған бізде не керектің бәрі де бар.

И. ЧЕРНЯЕВ,

Ленин ауданы, «Новый путь» колхозының председателі.

дыңтың шестернясын берді. Осындай се-беппен бригаданы МТС-ке 3 рет ат-тастырылды. Міне, мұның бәрі трактор-дың үш тәулікке жақын босқа тоқтап тұруына әкеліп соқты.

Ленин атындағы колхоздың егіс бригадасының бригадирі Нуртаев жолдас тіркеушіге тағайындалған колхозшыларды басқа жұмысқа жіберген. Сөйтіп, мұнда тіркеушілердің болмауы себепті бір «С—80», екі «ДТ—54» тракторлары екі тәу-лік бойына жұмысқа қосылмай босқа тұрған.

Егіс жұмыстарына техника қуатын пайдаланудағы бұл сыяқты жауапсыздық-тан арылатын уақыт жетті. Сондықтан әр-бір трактордың бір минут тоқтаусыз жұ-мыс істеуін қамтамасыз етуге жанды басшылық жабаулары, нақтылы көмек көрсетулері керек.

Б. ЖАҚЫПОВ,

(Өз тілшіміз).

С О В Е Т О Д А Ғ Ы Н Д А

Радио күні

Москва еңбекшілері радио күнін атап отуде. Кәсіпорындарында, мекемелерде, оқу орындарында лекциялар, баяндамалар өткізілуде, клубтарда, мәдениет үйлері мен сарайларында кештер ұйымдастыры-лып, «Александр Попов», «Көрінбейтін толқындар», «Таңғажайып көз қарашы-ғы», тағы басқалар көрсетілуде.

6 майда радионы жасап шығарушы А. С. Поповтың есімімен байланысты уни-калдық экспонаттар сақталатын политех-никалық музейдегі «ССРО-ның байланыс құралдарының өнеркәсібі» деген көрмеде кісі көп болды.

Көрменің көптеген залдарының бірінде, постаментте шыны астына өте құнды зат

—орыстың көрнекті ғалымы жасаған дү-ние жүзіндегі бірінші радиоқабылдағыш қойылған. Оның барлық бөлшектерін ұлы ғалым Попов жасаған. Мұнан 59 жыл бұрын бұл аспапты орыстың физика-хи-миялық қоғамының мәжілісінде Попов көрсеткен болатын.

Көрмеге қойылған экспонаттармен та-нысып, көрмеге келуші Совет үкметі жылдарында біздің елімізде радиотехника-ның қандай күшті қарқынмен дамыған-дығын көре алады. 50-ден астам әртүрлі радиоқабылдағыштар, телевизорлар, ради-олдар көрсетіледі.

(СОТА).

Москва радио қызметкерлерінің жыйналысы

6 майда искусство қызметкерлерінің Орталық Үйінде Радио күніне арналған радиомен әуестенушілердің, әскери-бұқа-ралық және спорт жұмыстарының актив-тері, Москваның Армияға, авиацияға, флотқа көмектесетін ерікті қоғамының жыйналысы болды.

Жыйналысты Армияға, авиацияға және флотқа көмектесетін ерікті қоғамының Москва қалалық комитетінің председате-лі А. Я. Сергеев ашты.

Жыйналғандарға арнап ССРО Байланыс министрінің орынбасары З. В. Топурия, техникалық ғылымның докторы Н. М. Изюмов және басқалары қысқаша құттық-тау сөз сөйледі.

Мұнан кейін ССРО-ның Армияға, авиа-


цияға және флотқа көмектесетін ерікті қоғамының Орталық Комитетінің предсе-дателі генерал-лейтенант Н. Ф. Григчин Бүкілодақтық радио-телефон жарыстары-ның және радиотка-операторларының жарыстарының жеңімпаздарына —Москва командаларына ауыспалы кубиктер тап-сырды. Москваның қалалық радиоклубы-ның мүшелері Л. Лабутинге және А. Ве-ремейге қысқа толқынылардың бүкіл-одақтық жарыстарында қол жеткен көр-некті табыстары үшін ССРО-ның Армия-ға, авиацияға және флотқа көмектесетін ерікті қоғам чемпионының ал қызыл лен-тасы тапсырылды.

(СОТА).

ҚОҒАМДЫҚ ТАМАҚАНДЫРУ КӘСІПОРЫНДАРЫ ҮШІН ЖАБДЫҚ

ХАРЬКОВ, 6 май. (СОТА). ССРО Сауда министрлігінің «Механолит» заводы кух-ня жабдықтарын жасап шығарады. Сол-түстік Қазақстан мен Алтай өлкесінде ұйымдастырылған жаңа совхоздар мен МТС-тердің асханалары үшін ондаған бұ

котелдері, азық- түліктерді өңдейтін ме-ханизмдер, қартон тазалағыштар, тура-ғыш машиналар жөнелтілді. Кеше Қазақ ССР-нің Қостанай, Ақмола облыстарына механикаландырылған 100 ояуыш тура-ғыштар жіберілді.



Харьков. Тевелев алаңындағы тұрғын үй.

Суретті түсірген В. Зунин.
(СОТА-ның фотохроникасы).

ЛАТВИЯНЫҢ ОЗАТ КОЛХОЗЫ ТУРАЛЫ ФИЛЬМ

РИГА, 6 май. (СОТА). Рига киносту-диясының коллективі «Сарканайс окто-брис» колхозы» деген түрлі түсті доку-ментальдық фильмді жасау ісін аяқтады.

Жаңа фильм Бүкілодақтық ауылшар-уашылық көрмесіне кандидат Латвияның осы озат колхозының табыстарын баян-дайды. Колхоздың малшаруашылық фер-масында латыштың 540-тан аса қызыл тұқымды сыйырлары бар.

Фильмнің режиссеры—Сталиндік сый-лықтың лауреаты Г. Шулятин.

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

ПАРТИЯ ҰЙЫМЫНА КӨМЕК

Гиров атындағы колхоздағы (Преснов ауданы) жетіжылдық мектепте оннан астам мұғалімдер жұмыс істейді. Колхоз партия ұйымы ауылдағы бүкіл саяси және мәдени-ағарту жұмыстарын ұйымдастыруда мектептің коммунист және партияда жоқ оқытушыларына сүйенеді.

ССРО Жоғарғы Советінің соңғы өткен сайлауы кезіндегідей, мектеп мұғалімдері қазір де колхоз партия ұйымына егіншілер мен мал өсірушілер арасындағы бұқаралық-саяси жұмысты кең өрістетуге ісіне зор көмек көрсетуде. Оқытушылар А. Калугин, Әбілқайыров, Баймұқанов, Айтжанов, Бекбасов, Теміров жолдас-тар егіс бригадаларында үгітші болып істейді. Олар дала жұмыстарының алғашқы күндерінен бастап егіншілер арасында СОКН Орталық Комитеті февраль-март Пленумының қаулысы, ССРО Жоғарғы Советі сессиясының документтері жөнінде және басқа тақырыптарда әңгімелер өткізіп, трактор және егіс бригадаларында социалистік жарыстың әсерлі ұйымдастырылуына көмектесіп жүр.

Мәселен, Социалистік Еңбек Ері И. Калмаков жолдас бригадир болып істейтін Баян МТС-нің № 17 трактор бригадасы дала жұмыстарына кіріскен алғашқы күнінде үгітші Калугин жолдас механизаторлармен және трактор бригадасын қамтытын колхозшы шаруалармен әңгіме өткізіп, мұнда өндірістік кеңес ұйымдастыруға көмектесті. Өндірістік кеңесте механизаторлар мен колхозшы шаруалардың социалистік жарыста қабылдаған міндеттемелерін аброймен орындау жөнінде әңгіме болды. Бригада мүшелері алғашқы күндерден бастап социалистік міндеттемелерін мүлтіксіз орындауға серт берді. Осыдан кейін ертеңіне бригаданың біркүндік жұмысына қорытынды жасалды.

Бригадада 4 «ДТ—54» және 1 «С—80» тракторлары жұмыс істейді. Олар алғашқы бір күнде 50 гектар тың жер айырды. Тракторшы комсомолец Ахметов жолдас өз сменасында «ДТ—54» тракторымен 12 гектар тың жер айырып, еңбек үлгісін көрсетті. Үгітші Әбілқайыров жолдас механизаторлармен және колхоз-

шылармен өткізген әңгімесінде алғашқы жұмыс күнінің нәтижелерін кеңінен баяндай келіп, егіншілерді еңбек өнімділігін арттыра беру күресіне шақырды. Ол бригадада «Жауынгерлік листоктің» кезекті номерін шығаруға көмектесті. Басқа бригадалардағы үгітші мұғалімдер жөнінде де осыны айтуға болады.

Мектеп мұғалімдері механизаторлардың вагоншалары мен колхозшылардың мәдени қостарын ұрандармен, плакаттармен және басқа көрнекі үгітпен жабықтауға көмектесті. Коммунист оқытушы С. Қанафин жолдасының инициативасы бойынша колхозда көркемөнерпаздар үйірмесі ұйымдастырылды. Бұл үйірменің коллективі Май мерекесі күндері егіншілер мен мал өсірушілер үшін Т. Ахтановтың «Қайрекең сапарға шықты» атты пьесасын қойды және колхоз жастарының хорын ұйымдастырды.

Оқытушы коммунист Кәрім Жақин жолдас колхоз қабырға газетінің редакторы болып істейді. Қабырға газетінің Май мерекесіне арналған номерінде озат егіншілер мен малшылардың мақалалары жарияланды. Жақин жолдас қабырға газетінің егіс бригадалары мен мал фермаларында оқылуын ұйымдастырды.

Колхоз оқу үйінің жанында құрамында 3 адамы бар лекторий жұмыс істейді. Ол партия ұйымының жұмыс жоспары бойынша колхозшы шаруалар арасында саяси және ғылыми тақырыптарда лекция оқылуын ұйымдастырып отырады. Апрель айының соңғы күндерінің бірінде лекторий мүшесі, мектеп директоры Ж. Темірханов жолдас колхозшы шаруалар үшін «Еслям дінінің реакциялық мәлі туралы» деген тақырыпта лекция оқыды. Бұл лекцияға егіншілер мен мал өсірушілерден көптеген адамдар қатысты.

Ауыл интеллигенттерінің алдыңғы отряды — мұғалімдер саяси және мәдени жұмыстарға белсене қатысуда, сөйтіп, колхозшы шаруаларды коммунистік рухта тәрбиелеуде партия ұйымына үнемі көмек көрсетуді өздерінің абройлы ісі, құрметті борышы деп есептейді.

Қ. ЕРТАЕВ.

Сессия документтерін үйрену

Петропавл ауданы, Фурманов атындағы колхоздың егіншілері мен мұнда жұмыс істейтін Петропавл МТС-нің механизаторлары ССРО Жоғарғы Советі сессиясының документтерін зор ынтамен оқып үйренуде. Егіс бригадасы мен трактор бригадасы бір жерде жұмыс істейді. Сондықтан колхоз партия ұйымы бұл екі бригадада дауыстап газет оқуға және әңгімелер өткізуге үш үгітші бөтті.

Егіншілер арасындағы үгітші мұғалімдер ССРО-ның 1954 жылға арналған бюджеті жөнінде үш-төрт рет әңгіме өткізді. Олар өздерінің әңгімелерін көктемгі дала жұмыстарының барысымен тығыз байланыстырып отырады. Жақында бригадалар бойынша социалистік жарыстың алғашқы 5 күндегі барысына қорытынды жасалды. Сменалық нормаларын 125—130

Ол әңгіме өткізудің алдында трактор және егіс бригадаларының бригадирлері мен және участоктің агроном Воронцовқа жолдасымен әңгімелесіп, көктемгі дала жұмыстарының ұйымдастырылуы, жердің сапалы жыртылуы жөнінде пікір алысты. Кейбір тракторшылардың тыңайған жерлерді сайыз жыртығаны анықталды.

Үгітші бригада мүшелерімен өткізген әңгімесінде озат тракторшылар мен колхозшылардың тәжірибелері жөнінде айтып, агротехникалық шараларды бұрма-лаудың зиянды екеніне тоқталды. Әңгімеде үгітшінің пікірін озат механизаторлар мен бригадирлер қуаттап, сөз сөйледі. Осының нәтижесінде соңғы күндері тракторшылар мен басқа да егіншілер тарапынан агротехникалық шараларды бұрма-

Партия, совет активінің оқуы

Қазақстан КП Совет аудандық комитеті осы жылғы апрель айынан бастап басшы партия, совет қызметкерлері үшін ауыл-шаруашылық өндірісінің негізін үйрену жөнінде арнаулы семинар ұйымдастырды. Онда аудандық партия комитеті мен еңбекшілер депутаттары аудандық Совет атқамын басшы қызметкерлері, ауданның басқа да мекемелерінің басшылары, бірқатар колхоздардың бастауын партия ұйымдарының секретарьлары оқыды.

Семинар сабақтарында жоғары және орта дәрежелі арнаулы білімдері бар агрономдар мен инженер-техниктер және зоотехниктер, мал дәрігерлері лекция оқыды. Семинардың алғашқы үш сабағы тыңдаушылардың зор белсенділігімен өтті. Соңғы бір сабақта агроном Г. Вуленко жолдас «Көктемгі егістің агротехикасы — жерді жырты, минералдық жергілікті тыңайтқыштармен өңдеу шаралары», инженер А. Бабиц жолдас «Трактор жұмыстарын техникалық ұйымдастыру жолдары» деген тақырыптарда лекциялар оқыды. Сабақта тыңдаушылар колхоздар мен МТС-тердің және совхоздардың практикалық жұмыстарынан нақтылы мысалдар келтіру арқылы, көктемгі дала жұмыстарын үлгілі ұйымдастыру жөнінде пікір алысты.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің негізін үйрену жөнінде партия, совет қызметкерлері үшін арнаулы семинар ұйымдастыру — игілікті іс. Семинар сабақтары партия, совет активінің ауыл шаруашылығы өндірісіне істің жайын нақтылы білу арқылы басшылық жасауына, сөйтіп, ауылшаруашылық қызметкерлерін еңбекте жаңа табысқа жетуге ұйымдастыруына көмектеседі.

Ә. МҰХАМЕТОВ.

Қағаз тасқынына қарсы

Облыстық финанс бөлімінің және сақтық кассаларының коммунистері өздерінің жыйналысында Қазақстан Компартиясы VII съезінің қарарларын жүзеге асыру жөнінде мәселе талқылады.

Жарысөзде сөз сөйлеген коммунистер Ярова, Тілегенов, Мулькин, Филиппенко және басқа жолдас-тар финанс мекемелерінде, әсіресе, облыстық финанс бөлімінде, басшылықтың жарамсыз әдісі — көптеген орынысыз нұсқаулар мен бұйрықтар жазу әлі де орын алып келе жатқанын атап көрсетті. Облыстық финанс бөлімінің қызметкерлері аудандарда сирек болады, селолық қызметкерлерге практикалық көмекті аз көрсетеді. Сонымен қатар жыйналыс финанс қызметкерлерінің арасында сын мен өзара сын дәрежесінің төмен екенін баса көрсетті.

Жыйналыс жұмысты жақсарту, басшылықтың кеңесшілік-бюрократтық әдісін жою жөнінде нақтылы шаралар белгіледі.

В. ДАМАСКИН.

Үгітшілердің

Еңбек өнімділігін арттыра беру — зор табыстар кепілі



Петропавл паровоз депосының көтеру цехының комсомолецтері еңбек өнімділігін арттыра беру жөнінде нақтылы міндеттемелер алды. Олар өздерінің алған міндеттемелерін іс жүзінде орындауда.

СУРЕТТЕ: Көтеру цехының екіжүзлі комсомолец-слесарьларының бірі-тобы. (Солдан оңға қарай) цехтың комсомол ұйымдастырушысы Лев Рой, Анатолий Протасов, Борис Цылебалюк және Николай Величкин. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Еңбек өнімділігін арттыру күресін ұйымдастырушылар

Өткен жылы шағын двигательдер заводы өндірістік жоспарды орындай алмай, мемлекет алдында борынты болды. Өнім шығаруда артта қалушылықтың себебін ашып, мүмкіншіліктер мен резервтердің толық пайдаланылуын, өндірістік жоспардың ойдағыдай орындалуын ұйымдастыру завод коммунистерінің үлесіне тиді.

Партия жыйналысында заводтың 1953 жылғы жұмыс қорытындысы талқыланды. Онда коммунистер заводтың жұмысындағы және оған басшылық етудегі үлкен кемшіліктердің бетін ашты, өндірісті ұйымдастыруды, өнім шығаруды жақсарту, өнімнің өзіндік құнын кеміту жөнінде өздерінің бағалы ұсыныстарын жасады. Осы жыйналыста коллектив арасында партиялық-саяси, партиялық-ұйымдастыру жұмысын жақсартуға бағытталған шаралар да белгіленді.

Коммунистер мұнымен ғана тынып қойған жоқ, белгіленген шараларды жүзеге асыруға да белсене кірісті. Москва қаласы мен Москва облысы кәсіпорындарының еңбек өнімділігін оған әрі арттыру жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетуге жөніндегі игілікті бастамасын завод коллективі қызу қостады. Қазір заводта өндіріс алаңын дұрыс пай-

нысы да босқа кеткен жоқ, завод одап 6388 сом қаржы үнемдеді.

Коммунистерден үлгі алып, еңбектің жоғары өнімділігін берін жүрген қатардағы жұмысшылар да заводта аз емес. Станоктың негізгі бөлшектерін жетілдіріп, сменалық нормасын үнемі 250 проценттен орындайтын токарь Некрасов, күніне біржарым-екі нормадан кем орындамайтын құрастырушы-слесарьлар Беревкин, Костырев, Кондратов, Лазарев, Иванова, Белов, Яшев жолдас-тар да завод коллективінің мақтанышы.

Павел Иванович Тарабрин — заводтың қарт жұмысшыларының бірі. Ол өзінің көп жылғы қажырлы еңбегімен коллектив құрметіне ие болған адам. Қарт жұмысшы смена сайын екі норма орындайды. Ол көздің өзінде 6 жылдық нормасын орындап шықты. Тарабрин жолдас өзінің шеберлігін үздіксіз арттыра отырып, норма бойынша күзге кететін уақытты 4 сағатқа дейін қысқартты.

Завод коллективі СОКН Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысында көрсетілген міндеттерді ойдағыдай орындау ісіне де өздерінің үлестерін қосуда. Завод МТС-тер мен колхоздарға барып жұмыс істеуге 5 инженер, 12 техник, әртүрлі мамандығы бар 83 механи-

Жаңа табыстарға жету үшін

Коммунистік партия мен Совет үкметі еліміздің экономикалық қуатын үздіксіз арттырып, халықтың әл-ауқат және мәдени тұрмысын жақсарту беруге орасан зор аталық қажырлық көрсетуде. Туысқан партиямыз бен үкметіміз тарапынан мұндай қажырлыққа бөленген, оның белгілерін айқын сезіп, бақытты, ауқатты тұрмысынан күн сайын көріп отырған қала мен ауыл-село еңбекшілерінің партияға, сүйікті Отанымызға берілгендігі шексіз.

Микоян атындағы ет-консерв комбинатының партия ұйымы мен кәсіподақ комитеті еңбек өнімділігін арттыру жөнінде коллектив арасында елеулі жұмыстар жүргізді.

Әрбір цех өз мүмкіншіліктерін ұқыпты түрде есепке алып, орындайтын міндеттемелерін, үнемдейтін уақытын анықтады. Мәселен, едье-бөчка цехының коллективі жұмыс уақытын өнімді пайдаланудың нәтижесінде өткен жылмен салыстырғанда былай 6900 бөчка артық шығаруға міндеттеме алды. Сонымен қатар еңбек өнімділігі комбинат бойынша 5 процент артатын болады. Бұл — 100 мыңдаған сом мемлекет қарамасын үнемдеуге мүмкіншілік береді.

Комбинат коллективі еліміздің еңбекшілерінің азық-түлік жөніндегі өскелең талаптарын орындауға белсене қатысуды өзінің абройлы міндеті деп біледі. Халқымыздың азық-түлік жөніндегі тілектерін қанағаттандыру жолында комбинаттың жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері еселеген жігермен жұмыс істеуде.

Мәселен, консерв, нұғжық және басқа өнімдер шығару жөніндегі апрель айының өндірістік программасын комбинат коллективі мерзімінен бұрын 102,5 процент етіп асыра орындады. Бұл — біздің озаттарымыздың, жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлеріміздің москвалықтардың шақыруын қызу қолдап, еңбек өнімділігін арттыруының үлгілі нәтижесі.

И. АНУФРИЕВ.

А. И. Микоян атындағы комбинаттың консерв заводының директоры.

Москвалықтардың үлгісімен

Москва қаласы мен Москва облысы кәсіпорындарының еңбек өнімділігін оңашайып арттыру жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетуге жөніндегі игілікті бастамасын қызу қостаған Петропавл вагон жөндеу депосының коллективі айдаң-айға жаңа табыстарға жетуде. Бірінші Май құрметіндегі социалистік жарысқа қосыла отырып, коллектив осы жылдың төрт айының жоспарын артығымен орындады. Мемлекетке 200 мың сом жоспардан тыс кіріс берді.

Вагоншылар өндіріс алаңын дұрыс

процент орындап жүрген тракторшылар Симонов және Грудинин жолдастар жарыста бірінші орынға ие болып, саят тракторшылар үшін белгіленген ымысалды сыйлық алды. Үгітші Мурашан жолдас соңғы бір әңгімесін, міне, осы мәселеге, демек, егіншілердің социалистік жарысының бескүндік қорытындысына арнады.

ҰЙЫМШЫЛДЫҚ

«Балуан» колхозы бастауыш партия ұйымында (Октябрь ауданы) партия оқуының оқу жылы ұйымшылдықпен өтуде. Колхоз коммунистерінің көпшілігі СОКП тарихын жоғары типті үйірменің екінші жылы арналған оқу программасы бойынша оқып, үйренуде.

Партия ұйымы коммунистердің саяси оқуына үнемі назар аударып келеді. Осының нәтижесінде үйірме сабағы бел-

лау фактілері жойлады. Колхоз партия ұйымы үгітшілердің жұмысына күнбе-күн басшылық жасап, көмектесу арқылы егіншілер арасындағы саяси үгіттің дәрежесі жоғары болуына жетіседі.

К. ЯГОВИТИН,

Колхоз партия ұйымының секретары.

тіленген күндері үнемі тыңдаушылардың толық қатысуымен өтеді. Қазір, көктемгі дала жұмыстарының қызу кезінде үйірме тыңдаушылары егіс бригадаларында жұмыс істейді. Алайда, олар үйірме сабағына қатысу үшін уақыт табады. Өйткені, партия ұйымы үйірме сабағын тыңдаушылардың жұмыс істейтін орындарына қарай ұйымдастырып отыр.

Б. БАЛАХМЕТОВ.

Кусталық семинары

Жақында ҚКП Октябрь аудандық комитеті Ворошилов атындағы МТС-тің аймағындағы колхоздардың үгітшілерінің кусталық семинарын өткізді. Оған қабарға газеттерінің редакторлары да қатысты. Семинарда СОКП Орталық Комитеті февраль-март Пленумының қаулысы жөнінде облыстық партия комитетінің нұсқаушысы Апретов жолдас, көктемгі егіс кезіндегі саяси үгіттің міндеттері туралы ҚКП аудандық комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Решетняк жолдас баяндама жасады. Мұнан кейін үгітшілер тың және тыңайған жерлерді игерудің агротехникалық шаралары, картоп және омыртқы шаршы-ұялап отырғызудың әдістері жөнінде Меньшиков жолдасының лекциясын тыңдады.

Қ. ҚҰРМАНҒАЛИЕВ.

Егіс кезіндегі мәдени-ағарту жұмыстарының дәрежесі жоғары болсын

Ауыл шаруашылығының алдына қойылып отырған зор міндеттерді мүлтіксіз орындау үшін ауыл-деревнядағы саяси және ұйымдастыру жұмыстарының дәрежесін көтеріп, колхозшылар мен МТС, совхоз қызметкерлерінің барлық күш-мүмкіншілікті сол міндеттерді орындауға жұмылдыру жолындағы творчестволық белсенділігін ұйымдастыру керек.

Ауыл-селода саяси-бұқаралық жұмысты жүргізуде мәдени-ағарту мекемелері партия және совет орындарының жақын көмекшісі болып саналады.

Қысқы маусымда ауыл-село еңбекшілерінің мәдениетті қамту жөнінде облысымыздың мәдениет қызметкерлері айтарлықтай жұмыстар істеді. Қоғамдық-саяси және ауылшаруашылық тақырыптарға 470 рет лекция оқылып, көркемөнершілердің күшімен 538 рет концерт берілді. 7319 киносеанс, оның ішінде ауыл шаруашылығы және ғылыми тақырыптарға 559 фильм көрсетілді. Облыстық кітап саудасы бөлімі ауыл-селолық жерлерге 604 мың сомның саяси, ауылшаруашылық және көркем әдебиет кітаптарын жіберді. Облыстық драма театрының коллективі Петропавл және Полудень аудандарының колхоздарында 3 рет болып, колхозшыларға ойын-сауық көрсетті.

Полудень ауданындағы Буденный атындағы колхоз клубының, Преснов ауданындағы Благоещенка кітапханасы мен Айымжан оқу үйінің қызметкерлері Щеголева, Сергиенко, Сатина жолдастар, Полудень ауданының киномеханигі Оразалин, Мамлют ауданының киномеханигі Шепета жолдастар саяси-бұқаралық жұмыстарды колхоздардың, МТС пен совхоздардың өмірімен тығыз ұштастыра жүргізіп, өз міндеттерін аброймен орындап келеді.

Алайда, көптеген мәдениет мекемелері бұқараға саяси тәрбие беру жөніндегі жұмысты өте баяу жүргізіп, өмірден артта қалуда, колхозшылардың өскелең мәдени тілегін тыңғылықты өтей алмай жүр. Көп жерлерде кинофильмдер уақы-

тылы көрсетіліп тұрмайды. Мәселен, Преснов ауданындағы Аманкелді атындағы колхозда 6 ай ішінде небары 2-ақ рет кино көрсетілген, ал, март айы ішінде 48 елді жерде бірде-бір рет кино көрсетілмеген.

Октябрь және Мамлют аудандарының бірқатар клубтары мен кітапхана үйлері колхоздардың астығын үйге пайдаланылғандықтан олар өздерінің жұмысын бір-жолата тоқтатып тастаған. Аталған аудандардың басшылары мұны біле тұра клубтар мен оқу үйлерін босатып берудің тиісті шараларын қолданбай, бұқараға саяси тәрбие беру мәселесін екінші кезектегі мәселе деп есептеп келеді.

Көктемгі дала жұмыстары кезінде мәдениет қызметкерлерінің алдына зор міндеттер қойылады. Демек, олар саяси-бұқаралық, мәдени-ағарту жұмыстарының барлық түрлерін колхозшылардың, МТС, совхоз жұмысшыларының өскелең рухани тілегін тыңғылықты өтеу мақсатына пайдалана білулері керек. Социалистік егін даласының еңбекшілерін мәдениетті қамту үшін ең алдымен ауыл-селолық клубтардың, оқу үйлерінің жұмысы тікелей дала қостарына көшіріледі.

Егіншілерді мәдениетті қамту мақсатымен әрбір аудандық мәдениет бөлімі мәдени-үгіт бригадасын құрды. Бұл бригадалардың құрамында лекторлар, кітапхана қызметкерлері, дәрігерлік қызметкерлер және басқалары бар.

Преснов аудандық мәдениет үйінің мәдени-үгіт бригадасы егіншілерді мәдениетті қамтуға өте жақсы дайындалды. Оның мәдени-үгіт бригадасы социалистік егін даласы еңбекшілеріне тың және тыңайған жерлерді игеру тақырыбына дайындалған әдеби монтажды қойып көрсетеді.

Облыс аудандарында ауыл-село еңбекшілерін киномен қамтудың маршруты жасалды. Көктемгі егіс кезінде колхозшылар мен МТС, совхоз қызметкерлерін киномен қамтуда 67 жылжымалы кино, оның ішінде 23 автомобильді жылжымалы кино, 11 селолық тұрақты кино жұ-

мыс істейді. Олар «Жасаулы той», «Бүргенді тоғай», «Корабль командирі», «Қозы-Көрпеш және Баян-Сұлу», «Марианның тағдыры» және басқа да фильмдер көрсетеді.

Май айы ішінде облыс аудандары егіншілерді қамту үшін қосымша тағы да 20 жаңа киноаппараттар, 13 электр станция, автомобильді 9 жылжымалы кино алатын болады. Ірі колхоздарда жаңа кино-радиоустановка қарнытылады. Мұның өзі фильмдерді сапалы көрсетуді, 200 радиоточканы қамтуды қамтамасыз етеді.

Тың және тыңайған жерлер игерілетін аудандарда 10 майға дейін жаңа ұйымдастырылған совхоздарды есепке ала отырып, бюджетте тұратын 15 селолық кітапхана, 25 селолық клуб, сонымен бірге облыстық кәсіподақ Советі арқылы кәсіподақтардың 36 кітапханасы ашылды.

Егіншілерді қамту үшін концерт-эстрада бюросының 2 концерт бригадасы колхоздарға жүріп кетті. Олардың репертуарында совет авторлары мен орыс классиктерінің шығармалары, Абайдың, Малковскийдің өлеңдері бар. Облыстық кітап саудасы бөлімі көктемгі егіс кезінде ауыл-селода сату үшін 245 мың сомның кітаптарын жібереді.

Социалистік егін даласының еңбекшілерін, әсіресе, тың және тыңайған жерлерді игеруде жүрген патриоттарды барлық жағынан мәдениетті қамту, газет, журналдарды оқын тұруына, радио тыңдауына, кинофильмдер көруіне толық жағдай жасау—барлық мәдени-ағарту мекемелері қызметкерлерінің абройлы міндеті.

Жергілікті партия, совет ұйымдарының басшылығы және көмегімен мәдениет қызметкерлері өздерінің алдында тұрған міндеттерді мүлтіксіз орындау үшін барлық күш-мүмкіншіліктерін жұмсайды.

А. ОВЧИННИКОВ,

Облыстық мәдениет басқармасы бастығының орынбасары.

және, егер өнімді игеру үшін күрес кеңінен өріс алды. Бұл игілікті күресте завод коммунистері зор ұйымдастырушылық роль атқарып келеді.

Бірсыпыра ұйымдастыру-техникалық шаралардың жүзеге асырылуы нәтижесінде заводта еңбек өнімділігі барған сайын артып, жаңа табыстарға қол жетті. Осы жылғы бірінші тоқсанның өндірістік жоспарының товарлы өнім бойынша 104,9 процент, жалпы өнім бойынша 105,8 процент орындалуы бұған толық дәлел. Сол сияқты, завод коллективі Бірінші Май мерекесі күрметіндегі социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, үстіміздегі жылдың апрель айына тағайындалған жоспарды мерзімінен бұрын және артығымен орындап шықты.

Завод коллективі москвалықтардың бастамасын қызу қостап, үстіміздегі жылғы жоспардан тыс 565 мың сомның өнімін шығаруға, 1953 жылмен салыстырғанда өндіріс алаңының әрбір шаршы метрінен алынатын өнімді 9,4 процент көбейтуге, еңбек өнімділігін 2,2 процент арттыруға міндеттенді. Осымен бірге, завод өнімінің өзіндік құнын жоспардан тыс кеміту есебінен 165 мың сом үнем жасайды және өнімде кездесетін ақауды үстіміздегі жылы өткен жылмен салыстырғанда 40 процент кемітеді.

Еңбек өнімділігін арттырып, өнім шығаруды ұлғайту және оның сапасын жақсарту күресінде заводтың жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері бір-қатар игілікті жұмыстар істеуде. Олар еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіндік беретін бірнеше жаңалық ұсыныстар енгізді. Мұндай жемісті істің алдыңғы сапында коммунистер келеді. Завод коллективі коммунистер: слесарь Павел Романов, құрастыру цехының бастығы Петр Бришин, жөндеу-механикалық цехының бастығы Анатолий Иванов, ваграншы Горохов, автоматшы Кучинский жолдастарды мақтан етеді. Бұлар коллективтің құрмет-қошеметіне еңбектегі үлгілі істерімен, көрнекті табыстарымен ие болғандар. Мысалы, коммунист Иванов жолдас цехқа жақсы басшылық жасаумен бірге заводтың бағалы рационализаторлық ұсыныстар енгізушілерінің бірі. Ол станокты және шийделді жетілдіру жөнінде ұсыныс енгізді. Бұл олардың жұмыс өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Оның өндіріске енгізілуінен завод 6604 сом қаржы үнемдеді.

Сол сияқты, коммунист Любимов жолдас та заводтың таңдаулы жаңашылы. Ол үш шийделді тік фрезер станогін жаңарту және оның фрезерін жетілдіру жөнінде жаңалық ойлап тапты. Бұл ұсыныстың қолдау тауып, өндіріске енгізілуі нәтижесінде әрбір детальді өңдеуге кететін уақыт 41,3 минутқа дейін қысқартылды және 42420 сом ақша үнемдеді. Ал, коммунист Маливкин жолдас жатық фрезер станогіне қаты балқытылған пластинкалары бар кескіш құралды қолдануға болатындығын, мұның өзі станоктың қуаттылығын арттыратындығын анықтады. Оның бұл ұсы-

ныстарымен бірге, МТС-терге көмек көрсету жөнінде біраз жұмыстар істелді. Қамқорлықтағы МТС-ке, сондай-ақ басқа да МТС-терге 70 мың сомның әртүрлі материалдары, қосалқы бөлшектері, құрал-жабдықтары жасалып берілді. Осы жылғы бірінші тоқсанда облыстың МТС-теріне, колхоздары мен совхоздарына 9 двигательді күрделі жөндеуден өткізіп берді.

Әрине, бұл жеткіліксіз. Бұл алғашқы адым ғана. Завод коллективі МТС-тер мен колхоздарға көмек көрсету ісін бұдан былай да жүргізе береді. Завод тракторлар үшін белгіленген мөлшерде запас бөлшектер жасап шығаруға ұйғарған еді. Бұл жұмыс ойдағыдай аяқталып келеді. Аладағы уақытта коллектив дән тазалайтын қуатты машиналар жасап шығаруды ойластырып отыр.

Еңбек өнімділігін онан әрі арттыру жөнінде алынған міндеттемені ойдағыдай орындау, өнімнің сапасын жақсартып, өзіндік құнын кеміту мақсатымен бірқатар ұйымдастыру-техникалық шаралар белгіленіп, жүзеге асырылуда. Жуырда іме валдың мойындарын жиілігі жоғары төкпен пісіру, детальдарды газбен цементтеу әдістері өндіріске енгізілді. Детальдарды газбен цементтеу еңбек өнімділігін бұрынғыдан төрт еседен аса арттырды. Бұдан басқа поршеньді сақиналарды хлорлау, біраз детальдарды кокильде күю сияқты шаралар өндіріске енгізілді. Мұның өзі еңбек өнімділігін арттырып, көп металды үнемдеуге қосымша зор мүмкіншіліктер тудырды.

Жөндеу-механикалық цехы коллективінің инициативасы бойынша металға дөңгелек мәнер, сызық сазатын станок дайындалып жатыр. Бұл қолданылып жүрген мәнерлер мен сызықтарды бірқалыпқа келтіруге қолайлы жағдай туғызады. Сондай-ақ, инженер Шретер жолдас жаңа бұйымның жіберетін механизмнің конструкциясын жетілдіру жөнінде жаңалық ұсыныс енгізді. Мұның өндіріске енгізілуі нәтижесінде заводта өндірістің бұл участогінде еңбек өнімділігі едәуір артып, көп қаржы үнемделетін болады.

Мұнымен бірге, заводтың жұмысында елеулі кемшіліктер де бар. Завод дирекциясы мен партия ұйымы кәсіпорынның бірқалыпты өнімді жұмыс істеуін қамтамасыз ете алмай отыр. Ішкі мүмкіншіліктер мен резервтер әлі де болса толық пайдаланылмай келеді. Заводта технологиялық ережелерді бұрмалау фактілері әлі жойылған жоқ. Бұл заводта өнімнен ақаудың көп жіберілуіне, өнімнің өзіндік құнының қымбаттауына әкеліп соғып жүр.

Ендігі жерде завод дирекциясы мен партия ұйымы барлық назарды осы кемшіліктерді тез жойып, еңбек өнімділігін онан әрі арттыра беруге, өнімнің сапасын жақсартып, оның өзіндік құнын кемітуге аударды, сөйтіп, үстіміздегі жылдың өндірістік жоспарының мерзімінен бұрын және артығымен орындалуын қамтамасыз етеді.

И. ГЛУШЕНКОВ,

Петропавл шағын двигательдер заводы партия бюросының секретары.

лықтардың үлгісімен еңбек өнімділігін барған сайын арттыруда. Мысалы, еңбек өнімділігі апрель айында январь айындағымен салыстырғанда 3 процент артты.

Күрделі жөндеу цехының коллективі тамаша табыстарға жетуде. Мұнда барлық вагоншылар сменалық нормаларын толық және асыра орындайды. Ал, электр балықтышы С. Рыбалов, слесарь автоматын И. Михеев, котельщик С. Скороботов жолдастар әрбір сменада екі норма орындап жүр.

Токарлар Владимир Поздняков, Иван Печорин, Яков Афанасьев және Алексей Иванов жолдастар—депода өнімді еңбектің үлгісін көрсетіп жүргендер. Күн сайын көрсеткіш тақтасына жазылған бұлардың фамилияларының тұсынан 300—350 деген цифрларды көруге болады. Бұл—олардың әрқайсысы бір сменада үш және одан да артық норма орындайды деген сөз. Қазір бұл токарлар 1958 жылдың есебіне жұмыс істеп жүр.

Бұлардан басқа вагоншылар да қалысатын емес. Еңбек өнімділігін арттырып, сапалы, арзан өнімдерді көп шығару депода әрбір жұмысшының төл ісіне айналуға. Мұның өзі игілікті нәтижелерін беріп те отыр. Жыл басынан бері депода 190 адам жартыжылдық өндірістік тапсырмасын, 135 адам 8 айлық өндірістік тапсырмасын орындады.

Казір депо коллективі москвалықтардың үлгісі бойынша жұмыс істеп, жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау, өнімнің өзіндік құнын кеміту жолында қажырлы еңбек етуде.

А. ҚАПАРОВ.

Өз ісінің шеберлері

Еңбек өнімділігін онан әрі арттыру жолындағы социалистік жарысты өрістетеуіне шақырған москвалықтардың хаты Петропавл шойын құю-таразы заводы жұмысшылары арасында жаңа еңбек өрлеуін тудырды. Олар еңбек өнімділігін арттырып, өнімнің сапасын жақсарту, өзіндік құнын кеміту жөнінде өздеріне көтерілген міндеттемелер алған-ды.

Казір завод жұмысшылары ұлғайтылған міндеттемелерін орындау жолында аялбай еңбек етіп келеді. Еңбек өнімділігін арттыру күресінде құю цехының коллективі жоғары көрсеткіштерге жетуде.

Мұхін жолдас осы цехта үлгі жасаушы болып істейді. Ол үлгілерді тез және дәл жасап, өнімді еңбегімен көзге түскендердің бірі. Мұхін жолдас үлгі жасау технологиясына біраз жаңалықтар енгізіп, еңбек өнімділігін екі еседен аса арттырды. Ол осы жылғы март айында өндірістік тапсырмасын 328 процент орындады. Сол сияқты апрель айында да үш норма орындап шықты.

Өндіріс құрал-жабдықтары мен жұмыс уақытын тиімді пайдаланған құюшы Морев жолдас та жоғары еңбек өнімділігін көрсетуде. Ол осы жылғы февраль айының өндірістік тапсырмасын 173 процент орындаса, март айының тапсырмасын 218 процент орындады. Таңдаулы құюшы апрель айында бір сменада екіжарым, үш норма беруге жетісті.

Ж. СҮЛЕЙМЕНОВ.

Қоғамдық мал басын барған сайын көбейтіп, оның өнімділігін арттыра берейік!

Озат малшылар

Біздің совхоздың мал өсірушілері өзара социалистік жарысты кеңінен өрістетіп отырып, мал өсіру, оның өнімділігін арттыруда жаңа табыстарға жетуге міндеттеме алған-ды. Бұл күндері совхоздың әрбір фермасында, отарында малды шығынсыз өсіру және олардан алынатын өнімді арттыру күресі кеңінен өріс алууда.

Сыйырлардың сүттілігін арттыру жолындағы жарыста сауыншы С. Перкуляева жолда озып шықты. Ол қарамағындағы әрбір сауын сыйырдан үстіміздегі жылдың алғашқы тоқсанында 579 литр сүт алды. Осы сияқты сауыншы А. Фиц және А. Псаенко жолдастар да жаңа табыстарға ие болды.

Совхозда сауын сыйырлардың сүттілігі үстіміздегі жылдың алғашқы үш айында өткен жылғы осы мерзімнен едәуір артты. Осының нәтижесінде совхоз бірінші тоқсанда мемлекетке 700 центнер сүт тапсырудың орнына, 1279 центнер сүт тапсырды. Бұл—сауын сыйырлардың зоотехникалық-малдәрігерлік ережелерге сәйкес күтіліп, азықтандырылуының нәтижесі.

Мал өсіруде шопандар Тоқсанбаев, Бейсенов, Жақыпбеков жолдастар да үздік табыстарға ие болды. Олар жыл басынан алынған бірде-бір қозының шығынға ұшырауына жол берген жоқ.

Совхоз партия ұйымы мал өсірушілер арасында саяси үгіт жұмысын кеңінен өрістетуде. Әрбір фермада көрсеткіш тақталары бар. Онда малшылардың күнделікті жұмыс қорытындылары жазылады. Қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктарда алдыңғы қатарлы мал өсірушілердің іс-тәжірибелері жазылып, істегі кемшіліктер батыл сыналады.

Мұнымен бірге әрбір фермаға үгітшілер тағайындалған. Олар мал өсірушілермен жиі-жиі әңгіме өткізіп, оларға ауыл шаруашылығын өркендету жөніндегі партиямыз бен үкметіміздің қаулы-қарарларын кеңінен түсіндіреді. Істегі орын алған кемшіліктерді дереу жоюдың жолдарын айтады. Үгітшілер өздерінің әңгімелерін ферманың, совхоздың күнбе-күнгі өмірімен тығыз ұштастыра өткізеді. Бұл жұмыстарда, әсіресе, үгітшілер М. Нархоменко, С. Темірбеков жолдастар ерекше көзге түседі.

Біздің совхоздың мал өсірушілері мал шаруашылығында қажырлы еңбек ете отырып, істің бұл саласында жаңа табыстарға ие болады.

Қ. ӘДІЛШИН,

Қызыләскер совхозы партия ұйымының секретары.

20 жылдан бері шопан

Мамлют ауданындағы Сталин атындағы колхоздың колхозшылары 70 жастағы шопан Адаберген Испаев жолдасты мақ-



Тоқшын асыл тұқымды мал совхозының бірінші фермасының коллективі мал басын толық сақтау және әрбір сауын сыйырдан сүтті көп алу жолындағы жарыста үнемі алда келеді.

СУРЕТТЕ: (солдан оңға қарай) таңдаулы сауыншылар В. Мажукина және Н. Пуртова жолдастар ферманың сүт қабылдау пунктіне сауылған сүтті тапсырып тұр. Ортада — бригадир А. Бақшанов жолда.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Мал азығындық дақылдар егісінің көлемі ұлғайып, шығымдылығы арттырылсын

Облысымыздың колхоздары мен МТС-терінің және совхоздарының алдында мал азығының берік базасын жасау жөнінде орасан зор міндеттер тұр. Үстіміздегі жылы колхоздарда мал азығындық дақылдар — сұлы, арпа, біржылдық және көпжылдық екіне шөп, тамыржемісті дақылдар егісінің көлемі едәуір ұлғайтылып, сүрленетін жүгері, күнбағыс егісін егу жұмысы кең өріс алады. Бұл дақылдардың көлемін ұлғайтумен бірге, олардан алынатын өнімдерді де арттыру үшін осы бастан бірқатар шараларды жүзеге асыру керек.

Облысымыздың алдыңғы қатарлы колхоздары өткен жылы мал азығындық дақылдар егісін егуде және күтуде агро-техникалық ережелерді мұқият қолдана отырып, мол өнім алды. Преснов ауданындағы «Путь к коммунизму» колхозы могоар шөбінің әрбір гектарынан 11 центнерден тұқымдық дән және 70 центнерден шөп алды. Полудень ауданындағы Нарвалов ауданының колхозының

кемінде 3 центнер артуына қолайлы жағдай туғызады. Сол сияқты, бұл дақылдарды кезінде себу керек. Арпа, көпжылдық екіне шөп, күнбағыс тұқымдары көктемнің алғашқы күндерінде сеппен дұрыс. Ал, сұлы тұқымын жаздық бидай мен арпадан кейін сеппен жөн. Суданка және могоар шөптерің, сүрленетін жүгері тұқымын жердің 10 сантиметр тереңдігіндегі жылылық 10—11 градусқа жеткенде еге бастаған тиімді.

Мал азығындық дақылдардан мол өнім алудың тағы бір шешуші шарты—тұқым себуге озат әдістерді кеңінен қолдану болып саналады. Сұлы мен арпа тұқымдары дискелі сеяқалармен себіледі. Бұл тұқымдар 5—6 сантиметр тереңдікке сіңіріледі. Ал, суданка шөбінің тұқымы да жабайы әдіспен және әрбір гектарға 15—18 килограмм мөлшерінде себіледі. Бұл шөптің тұқымын 4—5 сантиметр тереңдікке сіңіру керек. Могоар шөбінің тұқымын жабайы әдіспен 2—3 сантиметр тереңдікке сіңірген жөн. Аталған

Мал төлден өседі

Мал шаруашылығындағы табысты са- ланың бірі қой шаруашылығы болып са- налады. Сондықтан да партия мен үкме- тіміз қой шаруашылығын өркендету мә- селесіне ерекше назар аударып, қой өсі- рушілерден қойдың санын көбейтіп, тұ- қымын асылдандыра беруді, соның нә- тижесінде олардан жүнді көптеп алуға жетіуді талап етіп отыр.

Біз бұл міндетті аяраймен орындап шығу үшін күресудеміз. Алдымен ферма- да еңбек тәртібі жолға қойылды. Қой, қозы күтушілердің қайсысы болса да өзде- ріне жүктелген міндетке жауаптылық- пен қарайтын болды. Мұндай озаттардың алдыңғы қатарында желе жатқандар қозы күтушілер М. Жаманова, Ү. Әубақирова жолдастар. Булардың алдынан жыл са- йын жүздеген қозы колхоздың табының қосылып келеді.

Өткен жылы біз мал қыстатуға жақсы әзірлендік. Қойларымыз жақсы жабық- талған қоралармен, құнарлы азықпен қамтамасыз етілді. Қой шағылыстыру науқаны кезінде өткізілді. Бұл жұмыс- тарды ұйымдастыруда ферма меңгерушісі Ә. Шерелбаев жолдаст аз еңбек сіңір- ген жоқ. Ол шаруашылықтың жайын жақсы білетіндігін, басқару ісінде қабі- леті бар екендігін іс жүзінде көрсете білді.

Біздің қой өсірушілердің осындай адал еңбектері өзінің тиісті нәтижесін беріп те жемелі. Быйыл қойымыз қыстан әрі күйлі, әрі аман шықты. Қозы шығыны болған жоқ. Әрбір 100 саулықтан 105 қозы алынды. Сонымен кезір колхозы- мыздың қойы төл есебінен көбейіп, екі мыңдай болды. Біз қой тұқымын асыл- дандыру мәселесіне де көңіл бөлудеміз. Осы кезде бізде жүнді көп беретін биязы жүнді қойлар көптеп саналады.

Жазғы маусым қойды семіртудегі жө- не оның жүнін өсірудегі ең жауапты кез- ең. Осы себептен біз қойды бүкіл жаз бойы құнарлы жайылымдарда бағу ша- раларын белгіледік. Көзір қойымыз жа- қындағы жайылымдарға шығарыла бас- тады. Біздің мақсатымыз—колхоздың қой шаруашылығынан болатын табысын мо- лайта беру, ол үшін қойымызды жазғы маусымда да жақсы бағып, аман сак- тау.

З. БІТКОВ,

Октябрь ауданы, «Бірлік» колхозының шопаны.

Лайықты нәтижелер

Өткен жылғы сентябрь айында Ленин атындағы колхоздың басқармасына ком- сомолец Мәкен Садуақасов жолдастан арыз түсті. Онда былай деп жазылған: «СОБП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы колхоздарда қоғамдық мал шаруашылығын өркендету жөнінде шұғыл міндет қойды. Бұл міндетті жүзеге асы-

К И Н О

„Жұмбақ олжа“

Облысымыздың кинотеатрларының экрандарында көрсетіліп жатқан «Жұмбақ олжа» көркемсуретті кинофильмі жас ұрпақтарды коммунистік рухта тәрбиелеуге, олардың патриоттық және туған өлкеге деген сүйіспеншілік сезімін арттыру тақырыбына арналған. Фильмді Москваның М. Горький атындағы киностудиясы жасап шығарған. Сценарий В. Спиринаның, фильмді түсірген Г. Егизаров.

Фильм оқиғасының сюжеті еліміздің солтүстігіндегі бір кішкентай село- дағы оқушы балалар өмірінен алынған. Оқыйға үш оқушының аралдан бұдан бір ғасыр бұрынғы мылтықты тауып алып, соның сырын ашудан басталады да, біртіндеп дамып ең ақырында ба- лалардың туған өлкені тану жорығы- мен аяқталады. Оқыйға сюжеті мен композициялық желісі қорытындыда бір мазмұнға —біздің заманымыздағы ең қымбатты ерлік дегеніміз Отан игі- лігі үшін еңбек ету, егер балалар өз Отаны үшін пайдалы адам болғысы келетін болса, олардың көп білуі керек екендігі, ол үшін олар сабақты жақсы оқуға тиісті деген заңды түйінге жый- нақталған.

Фильмнің басты геройлары — бала- лар. V класс оқушылары Вася Голо- вин мен оның досы Андриша және кішкентай Степа Брусничкиннің образ- дары арқылы совет балаларының өмірі мен іс- әрекет, ой-мақсаттары көрсеті-леді. Бұл үшеуі аралдан тауып алғач ескі мылтықтың сырын ашу үшін «эк-спедиция» ұйымдастырмақ болады. Тек қана білсем деген талаптың сынаржақ ұғымына түсіп кеткен олар «экспеди- ция» ұйымдастыру соңында жүріп, өздерінің негізгі міндеті—оқуды ұмытып кетеді. Олардың, әсіресе, Васяның сабақ үлгеруі мүлде төмендеп кетеді. Ол та- рих пәнін сүймейді. Өйткені, оның мақсаты корабль командирі болу. Сон-дықтан да, оның ойынша, теңізші үшін тарихты білу шарт емес.

Өз оқушыларының мұндай жағдайын көрген жас оқытушы Екатерина Сер- геевна балалардың кездейсоқ ұйымдас- тырылған «экспедициясына» мақсатты бағыт беріп, оны оқушылардың білім- дерін кеңейту мақсатына арнайды. Ол балаларға бұл мылтықтың 1853—56 жылдарда болған Қырым соғысы кез-індегі құрал екендігін айтып, оларға «Солтүстіктің Сусаныны» —Гурия Га- гарка туралы ел аузындағы аңызды айтып береді. Ең ақырында балалар

Екатерина Сергеевнаның ұсынысы бо- йынша каникул кезінде өлкетану жо- рығын ұйымдастырып, Гагарка туралы аңыздарды жазып алуға шығады. Бұл сапарда олар коммунизм құрылысы- лары —қарапайым совет адамдарымен танысады. Олардың күнделік істерінен оқушылар өткен тарихтағы оқыйғалар- дың мазмұнын, совет заманының ұлы- лығын бұрынғыдан да толық түсінеді. Халық үшін жан қыйған Гагарка сия- қты ерлердің істері совет адамдарының Отан игілігі үшін етіп жатқан еңбекте- рінде өмір сүріп отырғандығын көреді.

Фильмнің қысқаша мазмұны осын- дай. Бірақ, мұнда оқыйға сюжетінен тысқары көп мәселелер қамтылған. Әс- ресе, балаларды тәрбиелеу, олардың болашағы және оқушылардың өз Ота- нының ұлылығына мақтаныш сезімін арттыру мәселелері өте жақсы шешіл- ген.

Сонымен қатар, фильмдегі балалар образы да жақсы шыққан. Көрушілер- ді, әсіресе, В. Грачевтің орындауында- ғы Вася Головиннің бейнесі жақсы тартады. Ол қолына алған істі ақыры- на дейін аяқтайтын табанды, бірбет, із- денгіш. Бірақ, оның мен-мендігі басым.

Әсіресе, жолдастарының сындарын тү- сінбейді. Мәселен, ол өзін сынаған до- сы Андришамен араздасады. Міне, осы Васяның мінезін тәрбиелеуде жүргізген Екатерина Сергеевнаның педагогикалық қызметі —біздің елімізде жас ұрпақ- тарды тәрбиелеу бүкілхалықтық іс екендігін айқын аңғартады. Артистка Е. Савинованың орындауындағы бұл образда совет педагогтерінің ең жақ- сы қасиеттері жыйнақталған. Екатери- на Сергеевна—балалардың ақылшысы, тәрбиешісі және қамқоршысы. Сонымен бірге, оқушы Андришаның образы да фильмде құнды шыққан образдардың бірі. Андриша (В. Дорохов) талапты, адал, оқу озаты дәрежесінде көрсетіл- ген.

Фильмде тарихи оқыйғалар мен кө- зірлі кезең көріністері ұштастырыла көрсетіліп отырылады. Бұл көріністер- де совет халқы Ұлы Отанымыздың та- рихында болып өткен ерлік істердің шын мәніндегі бірден-бір мұрагері екендігі өте жақсы байндалған.

«Жұмбақ олжа» кинофильмінің оқу- шыларды тәрбиелеуде өте зор маңызы бар. Сондықтан да бұл фильмді облыс жұртшылығы қызыға көруде.

А. ШУКАНОВ.

Денсаулық сақтау орындарының маңызды міндеттері

Партия мен үкметіміз совет адамдары- ның бұдан да асауатты, мәдениетті, қы- зақты өмір жасауы үшін туысқандық орасан зор қамқорлық жасап келеді. Оны біздің әрқайсысымыз өз өмірімізден де көріп келеміз.

Адамдарға зор қамқорлық жасау, демек,

Бұл емханалар мен пункттерге дәрі- дәр- мектерді, емдеу аспаптарын, тесел- орын- дарды және басқа да қажеттерді алу үшін 1 миллион 927 мың сом қаржы бө- лініп отыр. Көзірдің өзінде іске кіріскен бірнеше емханалар мен пункттер бұл қаржыны жұмсауда.

күрметіне бөленуі орынды да. Алдаберген қарттың осы колхозда шопан болып жұмыс істегеніне 20 жыл толды. Сол уақыттан бері өзінің қартайғанына қарамастан колхоздың экономикасына нығайту күресінде қажырлы еңбек етіп жүр.

Тәжірибелі шопанның қарауындағы қойлардан және қозылардан шығын болған емес. Ол жыл сайын фермада саулықтар санының арта түсуіне жетісіп келеді.

— Мен алғашқы жылы колхозда шопандық міндетті атқарғанымда фермада шебары 70 гана қой болатын, — дейді қарт шопан Алдаберген Исаев жолдас, — қазір колхозда қой саны бұл мөлшерден 20 есе артты.

Қой өсіруде қарт шопанға өзінің зайыбы Шолпан Исаева жолдас та көп көмек көрсетеді. Оның жасы быыл 56 га толды. Соған қарамастан ол фермада Алдаберген қартпен бірге шопандық міндетті атқарады. Өткен жылы ерлі-зайыпты екеуі 1562 еңбеккүн тапты. Еңбеккүндеріне ондаған центнер астық, жүздеген сом ақша алды.

— Төл алу маусымы кезінде, — дейді Алдаберген қарт, — біз екеуіміз тәулік бойы еңбек етеміз. Төлдердің аман алынуы шопандарға байланысты.

Қарт шопандар СОМ Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысымен игерілген отырып, быыл әрбір 400 саулықтан 110 қозы алу үшін күресуде.

Н. ПАЛЕЕВ,

ҚКП облыстық комитетінің нұсқаушысы.

Малдың өнімділігі арта түсуде

Қыялы астық совхозының № 1 бөлімшесіндегі Молдашев жолдас басқарған сауын сыйырлар табының малшылары сыйырларды күтіп бағуды, азықтандыруды ойдағыдай жүргізіп келеді. Осының нәтижесінде сыйырлардың сүттілігі едәуір артты. Үстіміздегі жылдың өткен төрт айында мемлекетке сүт тапсырудың жоспары бұл табын бойынша 283 центнер артық орындалды.

Табындағы озат сауыншылар Р. Буш, З. Токарева жолдастардың әрқайсысы өздеріне бекітіліп берілген сыйырлардан төрт айда жоспар бойынша 77 центнерден сүт саууға тиіс болса, мұны 411—122 центнер етіп орындады. Ф. Пяткова жолдас осы уақыттың ішінде 34 центнер сүтті жоспардағыдан артық сауды.

Сол сияқты, бұзау күтушілер де елеулі табыстарға жетісіп келеді. Мәселен, Е. Косарева жолдас өзіне бекітіліп берілген 128 бұзауды шығынсыз өсірумен бірге, олардың әрқайсысының орташа айдік салмақ қосуын 783 грамма жеткізді. Сөйтіп, әрбір бұзаудың салмақ қосуы жөніндегі тапсырманың 206 грамм артық орындалуына жетісті.

Май мерекесі қарсаңындағы социалистік жарыстың қорытындыларында Молдашев жолдас басқарған табының малшылары сыйырдың сүттілігін, бұзаулардың салмақ қосуын арттыруда совхоз бойынша бірінші орынға шықты.

В. ЗИНОВЬЕВ.

ры суданка шөбінің әрбір гектарынан 80 центнерден өнім жыйнап, зор табысқа ие болды. Чистов астық совхозы 1953 жылы сүрленетін жүгерінің гектарынан 400 центнерге дейін өнім алуға жетісті.

Кониюхов ауданындағы «Новый путь» колхозының колхозшылары арпаның гектарынан 25,6 центнерден өнім жыйнаса, Петропавл ауданындағы «Красный пахарь» колхозында сұлының әрбір гектарынан 25 центнерден өнім алынды.

Аталған колхоздар мен совхоздардың іс тәжірибелері облысымызда мал азығындық дақылдардан мол өнім алудың резервтері әлі де болса толық пайдаланылмай келе жатқандығын дәлелдейді. Бұл дақылдардан мол өнім алу үшін сапалы тұқымды арампоннен таза алаңдарға себу керек. Тәжірибе зыбке егілген дақылдардан мол өнім алынатындығын іс жүзінде көрсетіп келеді. Онда ылғалды мол сақтау мақсатымен зыбты қолтемде тырмалау керек. Тұқымды себер алдында ол жер дискеленуге тиіс. Мұның өзі алынатын өнімнің әрбір гектар бойынша

Малшылардың қажырлы еңбегі

Каганович атындағы колхозда соңғы бірнеше жыл бойына мал шаруашылығы артта қалып келді. Мал басын көбейту, одан алынатын өнімдер жөніндегі жоспарлар жылма-жыл орындамай қалып отырды. СОМ Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысы жарыққа шыққаннан кейін колхоз басқармасы мен бастауыш партия ұйымы мал шаруашылығын өркендету, оның өнімділігін арттыру ісін шұғыл қолға алды. Колхоз фермаларын басқару ісі мал шаруашылығын білетін, ұйымдастырушылық қабілеті бар адамдардың қолына берілді. Фермалар мал шаруашылығы мамандарымен, тәжірибесі мол мал күтушілермен толықтырылды. Малдар жемшөппен, жылы қормен қамтамасыз етілді. Малды қыста және жазда күтіп, бауу зоотехникалық-малдәрігерлік ережелерге сәйкес ұйымдастырылып келеді.

Мұндай маңызды шаралардың жүзеге асырылуы мал шаруашылығы өнімдерінің артуын қамтамасыз етіп отыр. Колхоз мемлекетке сүт тапсыру жөніндегі үстіміздегі жылдың бірінші тоқсандық жоспарын мерзімінен бұрын және едәуір асыра орындап шықты. Колхоз басқармасы сүт өнімділігін арттыруға бағытталып белгіленген және жүзеге асырылып отырған шаралардың мемлекетке сүт тапсыру жөніндегі жылдық жоспарды колхоз бойынша жылдың бірінші жартысында толық орындауға мүмкіншілік беретінін есептеп отыр. Мұның өзі үстіміздегі жылы мемлекеттік сатып алу орындарына көп сүт сатып, мындаған сом ақшалай табыс алуымызды, сонымен бірге, шаруашылық жылдың аяғында колхозшылардың еңбеккүндеріне мал шаруашылығы өнімдерін көп бөлуімізді қамтамасыз ететін болады.

Быйылғы жаз айларында сауын сыйырлар колхоз селосынан 25 километр қашықтықтағы көлге жақын, шөбі шүйгін жайылымдарда бағылады. Ол жайылымдар бірнеше жайылымдық участок-

дақылдардың тұқымдарын артық өнімге себудің маңызы ерекше күшті. Егер тұқымдық дән яровизацияланған болса, онда дақылдардың өніп-өсуі тездетіледі.

Ал, жүгері, күнбағыс егістерінің тұқымын шаршы-ұялап еккен дұрыс. Бұл іске «СП—6А» сеялкасы пайдаланылады. Әрбір гектарға 6—8 килограмм күнбағыс, 16—18 килограмм жүгері тұқымы сіңірілуге тиіс.

Мал азығындық дақылдар егісінің көлемін ұлғайту және одан мол өнім алу облысымызда қоғамдық мал санының көбейе түсуін, мал өнімінің еселеп артуын қамтамасыз етеді. Сондықтан жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдарының міндеті — бұл дақылдарды егу жөніндегі жоспардың әрбір колхоз, совхоз бойынша мерзімінде орындауына жетісу. Сонда ғана облысымызда мал азығының берік базасын жасауды қамтамасыз ете аламыз.

М. КАЧАЛОВ,

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының агрономы.

терге бөлінген. Сыйырлар сол учас-терге кезек бағылатын болады. Шөбі шүйгін жайылымдарды пайдалануды дұрыс ұйымдастыру колхоздың сыйырлардан кемінде 5 мың литр қосымша сүт алуына жағдай тудырады.

Колхоз мал өсірушілері мол өнімді тек сүттен ғана емес, сонымен бірге, ет, жүн тағы басқа мал шаруашылығы өнімдерін өндіруден де алуды көздеп отыр. Сондықтан мемлекетке ет үшін тапсырылатын шошқаларды ерекше күтімге қойдық. Қойды жайылымда бағып семіртуді ойдағыдай ұйымдастырып, әрбір қойдан қырқылатын жүнді жоспардағыдан кемітпеу үшін қызу күресудеміз. Мал шаруашылығын өркендету, оның өнімдерін арттыра беру күресінде малшылар Е. Черкасова, А. Зноних, А. Лисовик және шопан Е. Батурич жолдас-тар өз міндеттерін аса ұқыптылықпен орындап, жақсы көрсеткіштерге ие болып жүр. Олардың еңбегінің табысты бола беруіне Шағлы МТС-нің мал шаруашылығы мамандары үнемі көмектесіп отырады.

Аталған мал өсірушілердің өнімді еңбегінің арқасында өткен жылы мал шаруашылығынан алынған өнімдерден түскен табысқа колхоз жаңа жүк автомашинасын алған болатын. Ал, шаруашылықтың бұл саласынан алынатын табысқа колхозшылар быйыл пилорама, азық бұлағыш тағы басқа құрал-саймандар және асыл тұқымды аталық малдар сатып алуды ұйғарып отыр.

Біз мал шаруашылығын өркендету, оның тұқымын жақсарту және шаруашылықтың осы саласынан алынатын өнімдерді арттыру жолындағы күресті бұдан былай да қызу жүргізе береміз. Сөйтіп, мал шаруашылығын колхозымыздың мол табысты шаруашылығы етеміз.

В. ТРУСОВА,

Совет ауданы, Каганович атындағы колхоздың зоотехнигі.

мал фермасына жұмысқа жіберулеріңізді өтінемін».

Колхоз басқармасы Садуақасов жолдас-тың бұл тілегін қанағаттандырды. Оны сыйыр малы фермасына жіберіп, қарамағына 62 бас бойдақ мал бекітіп берді. Мәкен ол малдарды күтіп, азықтандыруды колхоздың мал мамандары мен тәжірибелі малшыларының көмегімен жүргізді. Малды азықтандыру, суару жөніндегі жұмыс тәртібін үнемі қатаң сақтады, олардың жатар орындарының таза және құрғақ болуына жетісті. Осындай еңбегінің нәтижесінде оның қарауындағы малдың бірде-бірі шығынға ұшыраған жоқ. Олардың бәрі қыстан қонды шықты.

Қазір Садуақасов жолдас бойдақ малды жайылымда бағып жүр.

Садуақасов жолдас тек үлгілі малшы ғана емес, сонымен бірге, басқа малшылар арасындағы жалынды үгітші. Ол газет-журналдарды үзбей оқиды. Озат мал өсірушілердің тәжірибесін, мал күту-дегі ғылыми тақырыптарға жазылған материалдарды оқып қана қоймай, ферма коллективіне әңгімелеп айтып береді. Жақсы тәжірибелерді өндіріске кеңінен қолдану жөнінде ферманың жағдайына сәйкес ұсынып отырады. Міне, сондықтан да Мәкенді колхоз мал өсірушілері мақтан етеді және құрметтейді.

А. ЗАҒЫПАРОВ,

Булаев ауданы, Ленин атындағы колхоз.

Сыйырлардың сүттілігін арттырмақ

Кониюхов ауданындағы Ленин атындағы колхоздың колхозшылары мал шаруашылығын өркендету жолында аянбай еңбек етіп келеді. Олардың ізгі мақсаты — колхозда өнімді малды көптеп өсіру, осы арқылы мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін көптеп сату, бұл өнімдер жөніндегі халқымыздың қажетін толығына қанағаттандыру ісіне өз үлестерін қосу болып саналады. Сондықтан да олар малды зоотехникалық-малдәрігерлік ережелерге сәйкес күтіп, мал қыстату маусымын ұйымшылдықпен өткізді. Қазір колхозда малды жазғы жайылымда бағып семірту тыңғылықты ұйымдастырылған.

Колхоз сауыншылары сыйырлардан сүтті мол алу жолындағы өзара социалистік жарысты кеңінен өрістеткен. Бұл жарыста сауыншы Федрих жолдас алда келеді. Ол осы жылдың соңғы 3 айында қарауындағы сыйырлардан сүтті басқа сауыншыларға қарағанда 350 литр артық алып, 9 бұзауды шығынсыз өсірді. Сол сияқты, сауыншы Кубанова жолдас та сыйырлардың сүттілігін арттыру күресінде еңбектің тамаша үлгісін көрсетіп жүр.

Бұл күндері колхоз сауыншылары әрбір сауын сыйырдан орта есеппен 2009 литрден сүт алу үшін күресуде. Олар алған міндеттемелерін орындау жолындағы күресте зор табыстарға ие болып, колхоздың экономикасын нығайту күресіне келеді үлес қосады.

Т. ЖАҚСЫЛЫҚОВ.

Үкметінің заңды ісі. Өйткені, Коммунистік партия мен Совет Үкметінің халық мүддесінен басқа мүддесі жоқ. Сондықтан да совет адамдары өздерінің туысқан партиясына, үкметіне өте зор сүйіспеншілікпен және сеніммен қарайды.

Осындай зор қамқорлыққа бөленген облыс еңбекшілері бүкілхалықтық іске үн қосып, үстіміздегі және алдағы жылы 700 мың гектар тың және тыңайған жерлерді игергелі отыр. Мұның мәнісі тың жерлерді игеру есебінен елімізде астық молшылығын оңай әрі көбейту деген сөз. Астық молшылығын жасау жөнінде алға қойылған міндет, белгіленген шаралар партия мен үкметіміздің совет адамдарына деген күнбе-күнгі қамқорлығынан туған іс екендігі бізге мәлім.

Партияның шақыруы бойынша облысымызға тың және тыңайған жерлерді игеруге көмектесуге еліміздің көп қалаларынан, аудандарынан мыңдаған комсомолецтер мен одақта жоқ жастар — патриоттар келді. Олар қазір облыстың көлденеу ғылыми тақырыптарға жазылған материалдарды оқып қана қоймай, ферма коллективіне әңгімелеп айтып береді. Жақсы тәжірибелерді өндіріске кеңінен қолдану жөнінде ферманың жағдайына сәйкес ұсынып отырады. Міне, сондықтан да Мәкенді колхоз мал өсірушілері мақтан етеді және құрметтейді.

Мемлекетіміз денсаулық сақтау ісіне қаржыны аямай жұмсап келеді. Біздің облыста да жыл сайын бұл мақсатқа мыңдаған сом қаржы жұмсалуда. Ол қаржыларды еңбекшілердің денсаулығын жақсарту беруге, сырқат адамдарды емдеп, олардың өмірін сақтауға, емханаларды дәрі-дәрмектермен, қажетті емдеу құралдарымен жабдықтауға жұмсап келеміз.

Облыста тың және тыңайған жерлерді игеру үшін жаңадан 12 совхоз ұйымдастырылды. Бізде совхоздарға, сондай-ақ, колхоздарға, машина-трактор станцияларына келген адамдарды санитарлық жұмыс жағынан жабдықтау үшін елеулі шаралар белгіленіп, олар жүзеге асырыла бастады. Оны мына фактілерден де көруге болады: быйыл облыста жаңадан 15 емхана ашылды. Оның ішінен 11 емхана жаңадан ұйымдастырылған совхоздарда, 4 емхана машина-трактор станцияларында болады. Колхоздарда 4 фельдшерлік- акушерлік пункт ұйымдастырылады.

Жарияланбаған хаттың дерегі

„Ол жұмысына жауапсыз қарайды“

Редакцияға түскен осы тақырыпты тілші хатында Октябрь ауданындағы Жамбыл жетіжылдық мектебі жанындағы бастауыш комсомол ұйымының секретары Бейсенбаеваның өзіне тапсырылған міндетке жауапсыз қарап, комсомол ұйымының жұмысына жанды басшылық жасай алмай отырғандығы айтылған болатын.

ҚЛКЖО аудандық комитеті тілші хаты бойынша жүргізілген тексерістің нә-

тиқталып келеді. Жақында тағы да 4 санитарлық автомашина, 2 «ГАЗ-63», 1 «Москвич» жеңіл автомашиналарын аламыз. Әрине, бұл машиналар да аудандық денсаулық сақтау бөлімдеріне берілгелі отыр. Сөйтіп, денсаулық сақтау орындарының транспорт жөніндегі тілектері орындалатын болады.

Колхоздарда, совхоздарда, машина-трактор станцияларында адам санының жыл сайын үздіксіз көбеюіне байланысты дәрігерлерді де көбейтіміз қажет. Бұл жөнінде туысқан республикалар бізге зор көмек көрсетіп отыр. Мәселен, біздің облысқа Свердлов қаласындағы медициналық институттан 15 дәрігер келді. Олар жаңадан ашылған емханаларда жұмыс істей бастады. Мұның үстіне санитарлық орта дәрежелі білімі бар 16 қызметкер сол емханалар мен пункттерге жіберілді.

Облыстық денсаулық сақтау бөлімі соңғы жылдары қаладағы фельдшерлік- акушерлік мектепке өзінің басшылығын жақсартта бастады. Быйыл бұл мектеп білімі жеткілікті, тәжірибесі мол оқытушы кадрлармен толықтырылды. Студенттер оқулықтармен қамтамасыз етілді. Соның нәтижесінде оқудың сапасы жақсара түсті. Үстіміздегі жылы бұл мектепті 100-ден аса студенттер бітіріп шығады. Олардың басым көпшілігін колхоздарға, совхоздарға, машина-трактор станцияларына жіберуді ұйғарып отырмыз.

Қазір денсаулық сақтау орындарының алдына қойылып отырған үлкен міндетті жүзеге асыру талабы денсаулық сақтау орындарына жергілікті партия, совет ұйымдарының басшылығын жақсартуды керек етеді. Партия, совет ұйымдарының күнбе-күнгі басшылығын денсаулық сақтау жұмысын жақсарту мүмкін емес. Міне, сондықтан да аудандық партия комитеттері, бастауыш партия ұйымдары, аудандық Совет аткомдері және ауыл-селолық Советтер денсаулық сақтау орындары жұмысының жайып үнемі білім отыруға, оның қызметкерлеріне тиісті көмек көрсетумен бірге, олардың істе жауапкершіліктерін арттырып отырулары керек. Тек осылай болғанда ғана біздің жұмысымыз партия мен үкметіміздің алға қойған талаптарына сай бола алады.

С. АҒЖАНОВ,

Облыстық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі.

तिकесі жөнінде редакцияға мынаны хабарлады:

Тілші хаты бойынша тексеріс жүргізгенде Жамбыл жетіжылдық мектебі жанындағы бастауыш комсомол ұйымының жұмысында көптеген кемшіліктер бар екендігі анықталды. Мақала комсомол ұйымының жалпы жыйналысында талқыланып, мектеп комсомол және пионер ұйымдарының жұмысында болып келген кемшіліктерді жоюға бағытталған нақтылы шаралар белгіленді.

Сыртқы істер министрлерінің Женева кеңесі

ЖЕНЕВА, 4 май. (СОТА-ның арнаулы тілшісі). Сыртқы істер министрлерінің Женева кеңесіне қатысушылар бүгін өзінің екінші мәжілісінде корей мәселесін онан әрі талқылады. Ван Вайтхаякон (Тайланд) председателдік етті.

Корей мәселесі жөніндегі дискуссияда Кореяның ұлттық бірлігін қалпына келтіру және осы мақсатпен жалпыкорейлік еркін сайлау өткізу жөніндегі шаралар туралы Корей Халық-Демократиялық Республикасының делегациясы 27 апрельде кеңестің қарауына енгізген ұсыныстарға баса көңіл бөлінді.

Корей мәселесін бейбітшілікпен реттеу ісі корей халқының өзіне берілуге тиіс деген әділетті принципке негізделген бұл ұсыныстарды Қытай Халық Республикасы мен Совет Одағының делегациялары қолдады, олар корей мәселесін корей халқының ұлттық мүдделерін және бүкіл дүниежүзіде бейбітшілікті нығайту мүдделеріне сай келетіндей болып шешілуіне өздерінің күш-жігерін жұмсап отыр.

Бүгінгі мәжілісте сөз сөйлеген Канаданың сыртқы істер министрі Пирсон өз сөзінің ең басында -ақ Канада делегациясының Корей проблемасын реттеуге көмектескісі келмейтінін айқын көрсетті. Канада делегациясы, деп мәлімдеді ол, Біріккен Ұлттар Ұйымының корей мәселесі жөніндегі қарарларын мойындамайтын ұсыныстың қандай болса да қолдай алмайды. Корей халқының өкілдері қатыстырылмай қабылданған бұл қарарлардың БҰҰ-дағы американдық көшілігі қабылданған заңсыз қарарлар болып табылатындығын және корей мәселесін реттеуге бұл қарарлардың тіпті де көмектесе алмайтынын айқын дәлелдеген фактімен Канада өкілінің савасқысы келмеді. Пирсон өзіне, талқыланып отырған мәселеде АҚШ позициясын ақтаудың орындауға болмайтынын міндетіне алды. Осы мағынасыз міндетті жүзеге асыруға ешқандай дәлелі мүлде болмағандықтан, Пирсон Совет Одағының саясаты туралы ойдан шығарылған жексұрын өтіріктерді қайталап айтуға шамасынша тырысып бақты.

АҚШ пен Оңтүстік Корея өкмет орындарының 48 мыңнан аса Корей және Қытай соғыс тұтқындарын күшпен ұстап қалғаны туралы мәселені шешуге бағытталған КХР делегациясының басшысы Чжоу Эн-лайдың ұсыныстарына тоқтай келіп, Пирсон бұл мәселе бұған дейін шешілген, сондықтан оны Женева ке-

ңесінде «талқылаудың қажеті жоқ» деген құрғақ мәлімдеме жасап, осы мәселеден құтылуға тырысты.

Пирсон тек сөзінің соңында ғана КХР мен Совет Одағының делегациялары қолдаған КХДР делегациясының ұсыныстарына тоқталды. Ол бұл ұсыныстарды оның авторы «жеткілікті түсіндірмеді» дегенді айтты. Бұл ұсыныстарды өзінше бұрмадап, Пирсон КХДР делегациясының ұсыныстарында көрсетілген жалпыкорейлік сайлау өткізетін жалпыкорейлік комиссия тек КХДР өкілдерінің тілектеріне ғана сәйкес қыймыл жасаған болар еді-мыс дегенді айтты. Пирсон өзінің осы жалған «күмәнді» бәрін Кореядағы еркін сайлауды корейлердің өздері өткізе алмайды-мыс, бұл сайлауды тек шетелдік мемлекеттердің бақылауымен өткізуге болады-мыс дейтін мәлімдемесін дәлелдеуге әрекет жасау үшін сылтауды айтып ашық қолданды. Пирсон барлық шетелдік қарулы күштерді алты ай мерзім ішінде Кореяның территориясынан әкету туралы КХДР делегациясының ұсыныстары жөнінде өзінің көзқарасын білдіруден жалтарды, ал шетелдік әскерлерді әкету, корей халқының жалпыкорейлік сайлауды шетелдің араласуына және сырттан қысым жасалмай, өз тілегін еркін білдіруді қамтамасыз еткен болар еді.

Бұдан кейін Голландияның өкілі Лунеска сөз берді. Оның сөзі, Пирсонның сөзі сияқты, дискуссияға ешқандай жаңалық және қолайлы ұсыныс енгізген жоқ. Лунеска сөзінің бас кезінде корей халқының өз тілегін өзі еркін білдіру жолымен ғана Кореяны біріктіруге болады деп мәлімдеп, бұдан кейін халықтың өз тілегін еркін білдіруіне осындай мүмкіндік беруге бағытталған КХДР делегациясының ұсыныстарына қарсы шықты.

Голландияның өкілі Кореяның ұлттық бірлігін қалпына келтіру және осы мақсатпен жалпыкорейлік сайлау өткізу жөніндегі шаралар туралы КХДР делегациясы енгізген нақты ұсыныстардан өзінің бас тартуын ақтау үшін ешқандай дәлел келтірмеді. Мұның орнына ол Кореяны Жапон үстемдігінен азат еткеннен кейін мұндағы оқиғалардың болуы туралы ақиқат фактілерге толығымен қайшы келетін, АҚШ пен Оңтүстік Корей делегациялары таратқан, шындықты бұрма-лайтын өтірік лақапты қайталап айтты.

Лунеска Оңтүстік Кореяда осы сайлау кезірінде өзіне -ақ өткізілуде-мыс деп дә-

лелдеуге тырысты, бірақ, КХДР мен КХР өкілдерінің кеңестегі сөздерінде келтірілген фактілер 1948 жылы Оңтүстік Кореяда шетелдік мемлекеттердің бақылауымен өткізілген сайлаудың шынында сайлаушыларға қан төгіп, террор және қатал қысым жасау жағдайында, мұнда өзі халықтың тілегін еркін білдіруіне қандай да болса мүмкіндік бермегенін айқын көрсетіп отыр. Лунеска БҰҰ Бас Ассамблеясының корей мәселесі жөніндегі заңсыз қарарларын қорғап, корей проблемасын әділетті шешуге көмектесе алды ешқандай іргелі ұсыныстар енгізбеді.

Бүгінгі мәжілістің ең соңында Эфиопияның өкілі Габре Хейвот шығып сөйледі. Ол елдің Солтүстік, сондай-ақ Оңтүстік бөлігіндегі корейлердің алдында өздерінің қабылдауына болатын, едді біріктіру міндеттерін шешуді жеткізетін келісім жасау үшін бірлесіп күш жұмсау міндеті тұр, деп мәлімдеді. Егер Солтүстіктегі, сондай-ақ Оңтүстіктегі корейлер, деді ол, келісімге келуге қажетті қадамдар жасайтын болса, келісімнің корей халқының өзінің өмір сүруіне қатысы болып отырғандықтан, онда мұндай өзара қабылдауға болатындай келісімге қол жететіндігіне мен сенемін.

Эфиопияның өкілі өз үкметінің соғыс күштерін Кореяда белгісіз мерзімге дейін ұстап тұратын қажет жоқ және бұл күштерді Кореядан мүмкіндігінше, тез әкеліп, бұл елді біртұтас, тәуелсіз және демократиялық ел дәрежесінде көретін болуды көздеп отыр деп мәлімдеді. Кореяның екіге бөлінуін қалпында сақтаудың, деп атап көрсетті ол, Кореяның өзінде жаңа соғыс хауіпін тудыруы ықпайл және жалпыға бірдей бейбітшілік пен хауіпсіздікке қатер төндіреді. Ол кеңеске қатысушыларды корей проблемасын шешу үшін күш-жігерін аямай жұмсауға шақырды.

Эфиопия өкілінің сөзінен кейін председателдік етуші сөйлеуші шешендердің тізімі таусылды, ал, 5 және 6 майда жарыс сөзде сөйлеуге де ешкім жазылған жоқ деп хабарлады. Осыған байланысты ол таяудағы екі күнді әртүрлі көзқарасты жақындастыру мақсатымен ресми емес түрде әңгімелер жасау үшін пайдаланып, келесі мәжіліске 7 майда жұма күні жыйналуы ұсынды.

Бұл ұсынысқа қарсылық болған жоқ. Осымен мәжіліс жабылды.

Қытайда шпиондық банданы жою

ШАНХАЙ, 5 май. (СОТА). «Наньфан-жибао» газеті мынаны хабарлады: американдық орталық разведка басқармасы тікелей басшылық жасайтын «Еркін Қытай жолындағы қозғалыс» деген шпиондық ұйымның 17 арнаулы агентінен құрылған топ 18 январьға қараған түні Гуандун провинциясының территориясына өтті. Шекаралық гарнизон мен қоғамдық хауіпсіздікті жергілікті органдары шпиондарды қоршап алды. Бандадан 6 адам өлтіріліп, 10 адам тұтқынға алынды. Шпиондардың бірі өзін өкмет орындарының қолына алды-ала түсірді.

Газеттердің хабарларына қарағанда, тұтқындардың барлығы дерлік Чан Кайши армиясының офицерлері болып табылады. Олардың ішінде радиошылар мен взрыв жасаушылар бар. Банданың 13 автомат, 4 карабин, 15 пистолет, 2250 обойма патрон, радио арқылы хабар беретін және хабар алатын аппарат-

тар, жасырын кодтар, жарылғыш заттар, сол сияқты, «әуе десантының жоспары», «қарулы күрес жоспары» және басқалары сияқты документтер қолға түсірілді. Шпиондардың жауаптарына қарағанда, «Еркін Қытай жолындағы қозғалыс» бандалық ұйымның басшысы чанкайшилік «ұлттық қорғаныс министрлігінің» үшінші бөлімінің бұрынғы басшысы Цай Вань Чжи болып саналады. Американдық орталық разведка басқармасы басшылық жасаған бұл шпиондар Жапония қалаларының бірінен өздерінің штабын құрған, мұнда диверсанттарды оқытып, үйрету ісі жүргізілген.

Гуандун провинциясының халық соты 10 банданың бәрін өлім жазасына кесті. Үкмет орындарына өз еркімен беріліп, барлық шпиондарды ұстауда зор көмек көрсеткен адам сот бойынша қудалаудан босатылды.

Француздардың Индо-Қытайдағы шығыны

ШАНХАЙ, 5 май. (СОТА). Вьетнам иформациялық агенттігі Кхмер мен Патет-Лаонның қарсылық көрсету үкметтерінің хабарларына сүйене отырып, мынаны хабарлайды: 1953 жылғы апрельден 1954 жылғы мартқа дейін Кхмер мен Патет-Лаонның халық-азаттық армияларының ұрыс қыймылдары нәтижесінде Францияның экспедициялық корпусынан 13856 солдат және офицер шығын болды.

Вьетнамда 1953 жылғы октябрьде дүшпан Нинь-Виньнің Оңтүстік-Батыс жағындағы аудандарға басып кіруге сәтсіз әрекет жасағанынан кейін Вьетнам Ха-

лық армиясы оның 67 мың 343 солдаттары мен офицерлерін жойып жіберді және әртүрлі типтегі 17 мың 784 қару-жарақты қолға түсірді. Бұдан басқа Вьетнам Халық армиясы жаудың 138 самолетін, 86 канонерка қайығын немесе моторлы катерлерді, 172 паровозы мен вагоны, 1143 автомашиналары мен көптеген қару-жарағын, оқ-дәрілері мен запас майын жойып жіберді.

1946 жылдың декабрінен 1954 жылдың 31 мартына дейін Вьетнам Халық армиясының ұрыс қыймылдары кезінде жаудың барлығы 381 мың 723 солдаты және офицері шығын болды.

Италияның Жалпы еңбек конфедерациясы басшы комитетінің мәжілісі

РИМ, 6 май. (СОТА). Италияның Жалпы еңбек конфедерациясының (ИЖЕК) басшы комитеті кәсіподақтардағы жағдайды талқылау үшін әртүрлі кәсіподақ федерациялары мен еңбек палаталарының өкілдерін қатыстыра отырып, төтенше мәжіліс шақырды.

ИЖЕК-тің бас секретары Де Витторио баяндама жасады. Жалақыны арттыру туралы келіссөздердің, деп мәлімдеді ол, өнеркәсіп иелері конфедерациясының кінасінен тоқтап қалуы еңбекшілердің ереуілдер жасау жолымен қайтадан күрес

жүргізу қажеттігін тудырып отыр.

Де Витторио еңбекшілердің мүдделері үшін, ұлттық тәуелсіздік үшін, «Европалық қорғаныс бірлестігін» құру туралы договорды бекітуге қарсы барынша күресу беруге ИЖЕК-тің талаптарын отырганын растады.

Кеңінен өрістетілген жарыссөзден кейін ИЖЕК-тің басшы комитеті кәсіподақ мәселелері жөнінде қарар қабылдады, сонымен қатар, атом және термоядролы қаруларды қолданудан бастартуды талап ететін қарар қабылдады.

ЖЕНЕВА КЕЛІСІМІ ТУРАЛЫ НЕМІС ГАЗЕТІНІҢ ПІКІРІ

БЕРЛИН, 6 май. (СОТА). АДН агенттігінің тілшісі Гамбургтен былай деп хабарлайды:

Гамбургтің «Ди Вельт» газеті «Бүкіл дүние жүзінің, ең алдымен Азияның қалың топтарында Женева кеңесінің Қытайдың халықаралық жағдайын мықтап арттырғанын» атап көрсетуде. «Қытай Женевада ұлы держава ретінде қыймыл жасап отыр және ұлы держава болып табылады. Бұған ешқандай іс жүргізу де-

ПРАГАДАҒЫ ӘНШІЛЕРДІҢ ХАЛЫҚ-АРАЛЫҚ КОНКУРСЫ

ПРАГА, 6 май. (СОТА). Чехословак телеграф агенттігінің хабарына қарағанда, «Прага көктемі» деп аталатын халықаралық музыка фестивалінің шеңберінде Прагада әншілердің халықаралық конкурсы ашылған. Конкурске шетелдерден 51 әнші және Чехословакиядан 36 әнші қатысады.

Конкурстың бірінші кезеңінде Чехословакияның, Венгрияның, Румынияның,

ШАНХАЙДА ҚЫТАЙ-СОВЕТ ДОСТЫҒЫ ҮЙІНІҢ САЛЫНУЫ

ШАНХАЙ, 5 май. (СОТА). Кеше Шанхайда қытай-совет достығы үйінің құрылысы басталды. Бұл үйде үлкен совет көрмесі орналастырылатын болады, онда Совет Одағының өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және мәдениет саласындағы жетістіктері көрсетіледі.

Қытай-совет достығының үйі Шанхайдағы ең үлкен құрылыс болады. Ол орналасқан жердің көлемі 15 мың шаршы метрден асады. Үйдің биіктігі, ұшар басына жұлдыз орнатылған алтындаған күмбесін қоса есептегенде, 100 метрден асады.

ҒЫЛМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫНТЫМАҚ ЖӨНІНДЕГІ СОВЕТ-ЧЕХОСЛОВАК КОМИССИЯСЫНЫҢ СЕССИЯСЫ ТУРАЛЫ МАЗМҮНДАМА

Прагада, апрель айында, ССРО мен Чехословак Республикасы арасындағы ғылыми-техникалық ғынтымақ жөніндегі Совет-Чехословак комиссиясының алтыншы сессиясы болды. Сессияда ғылыми-техникалық ғынтымақтың кезекті мәселелері қаралып, елдер арасында ғылыми-техникалық документтер мен өндіріс тәжірибесін алмасу үшін онан әрі ұлғайтуды көздейтін өзара жаңа міндеттемелер алынды.

Совет Одағының халықтық-демократиялық елдермен ғылыми-техникалық ғынтымағының негізінен алынған принциптерге сәйкес, ғылыми-техникалық көмек көрсету, сонымен қатар техникалық документтер беру ісі тегін жүзеге асырылады.

БОЛГАРИЯ ЕҢБЕКШІЛЕРІ БАСПАСӨЗ КҮНІН АТАП ӨТҮДЕ

СОФИЯ, 5 май. (СОТА). Болгария еңбекшілері бүгін баспасөз күнін мерекелеуде. Болгария бұл күнді Совет Одағымен бірге мерекелейді.

Болгария баспасөзі социализм құрылысында, марксизмнің -ленинизмнің жеңімпаз ілімінің идеяларын таратуда, жаңа соғыс өртіп тұтандырушыларға қарсы бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік жолындағы күресте Болгария Коммунистік партиясы мен Халықтың үкметінің сенімді көмекшісі болып табылады. 1944 жылы 9 сентябрьде фашистік үкмет құлатылғаннан кейін болгар баспасөзі кеңінен өрістеп, өркендей бастады. Кәзір Болгарияда 67 газет, 90-нан аса журнал шығарылады, олардың жалпы тиражы 2 миллион 346 мың 560 дана.

Болгарияның барлық газеттері бүгін баспасөз күніне арналған басмақалалар мен басқа да материалдар жариялады. Софияда баспасөз күніне арналған салтанатты жыйналыс болды.

АЛБАНИЯНЫҢ БАСПАСӨЗІ

ТИРАНА, 5 май. (СОТА). Албан Халық Республикасында шығарылатын кітаптардың, газеттер мен журналдардың тиражы жылдан-жылға көбейе түсуде. Кәзір Албанияда 24 газет және журнал шығарылады, олардың жалпы тиражы ел азат етілгенге дейін шығарылған газеттер мен журналдардың тиражынан 6 есе артық. Кітаптардың тиражы 1938 жылмен салыстырғанда 11 есе көбейді.

Сыртқы істер министрлерінің Женева кеңесінің төңірегінде

Швейцария баспасөзінің пікірлері

ЖЕНЕВА, 5 май. (СОТА-ның арнаулы тілшісі). Женева кеңесіне қатысушылар бүгін мәжіліс өткізбеді. Кеңестің пленум мәжілісі ертең де болмайды. Кеңеске қатысушылар пленум мәжілістеріндегі осы екі күндік үзілісті көзқарастарын жақындастыру мақсатымен ресми емес түрде кездесу үшін пайдалануда. Швейцарияның кейбір газеттері мәж-

Бүгін газеттер Бидо басқарып отырған француз делегациясының жағдайына зор көңіл бөлуде. Бұл делегация екі оттың арасында тұр деп көрсетілуде.

Бірінші жағынан, Бидо АҚШ тарапынан барған сайын күшейген қысымға ұшырап отыр. «La Suisse», «Газетт Де Лозанн» газеттерінің және басқаларының

ша, Бидо Женевада бола тұрып, өзінің АҚШ-қа бағыну саясатына қатты наразылық туып отырғанын ескермей отыра алмайды, мұндай наразылық Париждағы әртүрлі топтарда айтылып, мұның өзі француз парламентінің бірқатар депутаттарының Индо-Қытай мәселесі дереу талқылауға қойылысын деген талабынан айқын көрініп, Француз үкметінің бас-

лістердегі осы үзілісті мынадай жағдаймен байланыстырып отыр: Индо-Қытай мәселесі жөніндегі кеңеске, бес ұлы державадан және келіп қосылды дейтін үш мемлекеттен басқа, Вьетнам Демократиялық Республикасы өкілдерінің де қатысуы туралы келісімге қол жеткен болатын. Газеттер бұл келісімді Женева келісімінің Индо-Қытай тағдырын Вьетнам Демократиялық Республикасы үкметінің өкілдерін қатыстырмай шешуін көздеген Даллестің саясатының жеңіліске ұшырағандығы деп бағалауда.

«Ла Сьюсс» газеті былай деп атап көрсеткен: «тіпті Даллесті жақтайтын америка байқаушыларының өздері де», атап айтқанда, «Индо-Қытай проблемасын талқылауға қалай кірісу керек деген мәселе жөнінде өзінің Бидомен және Иденмен екі арада болған алауыздықтың салдарынан АҚШ мемлекеттік секретарының оқшау қалғанын жасыра алмай отыр».

Геноцид туралы келісім және әйелдердің саяси праволары туралы келісім жөніндегі ССРО-ның бекіту грамоталарын сақтауға тапсыру

1954 жылғы 3 майда Советтік Социалистік Республикалар Одағының Біріккен Ұлттар Ұйымындағы тұрақты өкілі А. Я. Вышинский Геноцид қылмысынан сақтандыру және ол үшін жазалау туралы келісім жөніндегі ССРО-ның бекіту грамотасын сақтау үшін БҰҰ Бас секретарына тапсырды (Геноцид-белгілі бір ұлттық, нәсілдік немесе діни топты, толығымен, ішінара, күрту ниетімен жасалатын әрекеттер). Бұл келісімді БҰҰ Бас Ассамблеясы 1948 жылғы 9 декабрьде қабылдаған болатын.

Геноцид туралы келісім жөніндегі бекіту грамотасында келісімді түсіндіру, қолдану немесе орындау туралы қандай да болса таласты халықаралық соттың шешуіне беру үшін әрбір ретте барлық таласушы жақтың ризалық білдіруі қажет деген ССРО-ның ескертпесі бар, сонымен қатар келісімнің барлық ережелері, қамқорлықтағы территорияларды қоса алғанда, өзін-өзі басқармайтын территория-

арға таратылуға тиіс деген ескертпе бар. Мұнымен бірге А. Я. Вышинский БҰҰ Бас Ассамблеясы 1952 жылғы 20 декабрьде қабылдаған әйелдердің саяси праволары туралы келісім жөніндегі ССРО-ның бекіту грамотасын сақтау үшін БҰҰ Бас секретарына тапсырды. ССРО-ның осы келісім жөніндегі бекіту грамотасында таластардың халықаралық сотта қаралуға жататындығы жайында, Геноцид туралы келісім жөнінде жасалған ескертпе сияқты, дәл сондай ескертпе бар, сонымен қатар келісім ескертпе жасаған мемлекет пен келісімге барлық басқа қатысушылар арасында қолданылады деп саналуға тиіс деген ескертпе бар, бұған келісімнің ескертпе жасалған бөлімі ғана кірмейді.

Геноцид туралы келісімді және әйелдердің саяси праволары туралы келісімді ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы 1954 жылғы 18 мартта бекіткен болатын.

ФРАНЦИЯНЫҢ ҰЛТТЫҚ ЖЫЙНАЛЫСЫНДА

ПАРИЖ, 5 май. (СОТА). Франс Пресс агенттігі былай деп хабарлайды: Ұлттық жыйналыстың мәжілістері аралығында болған үзіліс кезінде өткізілген радикалдардың парламенттік тобының жыйналысы аяқталғаннан кейін мынадай жағдай мәлім болды: Индо-Қытай туралы мәселе жөнінде жазба түрде қойылған сұрақ-

тарды талқылау мерзімін үкметтің өзі белгілесін деген үкметтің ұсынысына 27 депутат қарсы шыққан. Тек екі депутат ғана үкметтің ұсынысын қолдаған.

ПАРИЖ, 5 май. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің кеше кешке Ланбель Ұлттық жыйналыста сенім көрсету туралы мәселе қойды деп хабарлайды.

БАОДАЙЛЫҚ АРМИЯ СОЛДАТТАРЫНЫҢ ТҮТҚЫҢА БЕРІЛУІ ТУРАЛЫ ВЬЕТНАМ ГАЗЕТІНІҢ ПІКІРІ

ПЕКИН, 5 май. (СОТА). Синьхуа агенттігі Вьетнамның «Нян Дан» («Народ») газетіне сүйене отырып, мынаны хабарлайды: үстіміздегі жылдың үш айында

Оңтүстік Вьетнамның әртүрлі бөлектерінде 10 мыңнан аса баодайлық солдаттар Вьетнам Халық армиясының әскерлеріне түтқынға берілді.

шысы Ланбель Индо-Қытай жөніндегі айтыстарды белгісіз мерзімге кейінге қалдыруды талап етті және осыған байланысты сенім көрсету туралы мәселе қойды деген хабарлар жөнінде жергілікті газеттер қызу пікірлер айтуда. «Француз үкметінің өмір сүруінің өзіне күмән келтіріліп отырғандығы, — деп жазған «Газетт Де Лозанн». — Женевадағы келіссөздерге және Бидоның позициясына әсерін тигізеді. Газеттер тіпті Бидоның Парижге дереу кетуі мүмкін деп жазған және Бидо өз келіссөзінің бастығы Фаләздің Париждан қайтып оралуын күтіп отыр, Фаләз оған Париждағы саяси жағдайды хабарлауға тиіс, содан кейін Бидо ұлттық жыйналыстың ертеңгі күнге тағайындалған мәжілісіне қатысу үшін өзінің француз астанасына уақытша қайтып баруы туралы мәселені шешуге тиіс деп көрсетуде.

ЕГИПЕТТЕГІ ОППОЗИЦИЯЛЫҚ ГАЗЕТТІҢ ЖАБЫЛУЫ

КАИР, 5 май (СОТА). Баспасөз Египеттегі «Аль мысри» газетінің иесі Махмуд Абуль Фатхының және оның иесі, газеттің редакторы Хусейн Абуль Фатхының ісі жөнінде кеше шығарылған сот үкіміне байланысты «Аль мысри» газеті жабылды және бүгінгі күннен бастап шығарылмайды деп хабарлады. «Аль мысри» бұдан 18 жыл бұрын ұйымдастырылған болатын және кәзір таратылып жіберілген Вафд партиясының орталық органы болып келді.

АМЕРИКАН СОҒЫС САМОЛЕТТЕРІ ФРАНЦУЗ ӘСКЕРЛЕРІН ИНДО-ҚЫТАЙҒА ӨЛІ ТАСУДА

КАРАЧИ, 5 май. (СОТА). Француз солдаттары Индо-Қытайға және Индо-Қытайдан жараланғандарды тасыйтын америка соғыс самолеттері Карачидің тәңірегінде орналасқан Пакистанның Мауринур аэродромы арқылы әлі күнге үзіліссіз ұшып өтіп тұрады. «Имроз» газетінің хабары бойынша, соңғы күндерде осы аэродром арқылы бірнеше америка самолеттері ұшып өткен.

ЦЕЙЛОН ҮКМЕТІ ИНДО-ҚЫТАЙДАҒЫ ИНТЕРВЕНЦИЯҒА КӨМЕКТЕСУДЕ

ЛОНДОН, 5 май. (СОТА). Рейтер агенттігі тілшісінің Колумбодан берген хабары бойынша, Цейлон үкметі Индо-Қытайға француз парашютшыларын тасыйтын америка самолеттерінің бір-тобына Цейлон аэродромдарына қонып, жанар май құйып алуға рұқсат берген.

никасының астарлы әрекеттері кедергі бола алмайды».

Болгарияның және Польшаның елестері ән айтқан.

ОРТАЛЫҚ ГРЕЦИЯДА ЖЕР СІЛКІНУІ

АФИНЫ, 5 май. (СОТА). 4 майда Фессалия ауданында жер астынан дүмпудің оған әрі болғандығы, оның салдарынан

бұрын өте көп зияндалған Софада қаласының мүлдем қыйран бүлінгені хабарланды.

Петропавл қаласында көшеде жүру тәртібі туралы ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ СОВЕТІ АТКОМИНІҢ 1954 ЖЫЛҒЫ 16 АПРЕЛЬДЕГІ № 3 МІНДЕТТІ ҚАРАРЫ

Петропавл қаласында тәртіп сақтау және транспорт құралдары мен жаяу адамдардың жүріп-тұруының хауіпсіз болуын сақтау мақсатымен қалалық Совет аткомі қаулы етті:

1. Милиция органдары транспорт жүргізушілердің, велосипедшілердің және жаяу жүрушілердің көшеде жүру жөнінде тағайындалған тәртіпті сақтауына бақылауды күшейтуге міндеттендірілсін.

2. Көшеде жүру тәртібін бұзған автомобиль транспортын жүргізушілер гараж (парк) бастықтары, транспортқа ие мекемелер мен кәсіпорындарының басшылары және көше тәртібін бұзғандығы үшін жауап беруге тиіс басқа да адамдар белгіленген ережеге сәйкес

милиция қызметкерлері тарапынан салынатын айыпты тартады.

3. Жаяу жүрушілерге, сол сияқты, транспортпен пайдаланушы адамдарға, велосипедшілер мен жүк машиналарын жүргізушілерге көшеде жүру тәртібін бұзғаны үшін сол жердің өзінде 1 сом айып салынады, ал, сол жерде айып төлеуден бас тартқандарға салынатын айып үш есеге дейін арттырылуы мүмкін.

4. Осы міндетті қарар баспасөзде жарияланғаннан кейін 15 күннен соң күшіне кіреді және Петропавл қаласында екі жыл бойына күшінде болады.

5. Көшеде жүру тәртібінің орындауын бақылап отыру милиция органдарына жүктеледі.

Еңбекшілер депутаттары қалалық Совет аткомінің председателі М. САВИН.

Еңбекшілер депутаттарының қалалық Совет аткомі секретарының міндетін атқарушы Ю. ПЛОТНИКОВА.

Мемлекеттік хауіпсіздендірудің Солтүстік Қазақстан облыстық басқармасы Мемлекеттік хауіпсіздендірудің инспекциясы барлық жерлерде 1955 жылдың егісіне арналған күздік егістік жерлерді ерікті түрде хауіпсіздендіру жөнінде колхоздармен шарт жасаса бастағандығын колхоз басқармаларының есіне салады.

Күздік егістерді хауіпсіздендіру жөнінде шарт жасасу ісі белгілі бір мерзімде ғана жүргізіледі және күздік егіс себу мерзімі басталуға 10 күн қалғанда аяқталады.

Алдын-ала шарт жасасқан реттерде хауіпсіздендіру төлемдерін бөліп төлеуге болады.

Бұл жөнінде Мемлекеттік хауіпсіздендіру инспекциясынан түсінік алуға болады.

Милиция басқармасы 1954 жылғы 26 апрельден бастап облыстағы қалалық және аудандық милиция бөлімдерінің паспорт столдары паспорт беру және ауыстыру, үй кітапшасына тіркеу және шығару жұмыстарын күн сайын (жалпы тағайындалған демалыс күнін қоспағанда) таңертеңгі сағат 11-ден кешкі сағат 8-ге дейін жүргізетіндігін, түскі сағат 3-тен сағат 4-ке дейін түскі демалыс жасайтындығын азаматтардың есіне салады.

Милиция басқармасының басшы қызметкерлері және қалалық, аудандық милиция бөлімдерінің бастықтары милиция орындарының жұмысына байланысты түрлі мәселелер бойынша азаматтарды күн сайын сағат 10-нан 13 сағатқа дейін қабылдайды.

Үстіміздегі жылы елдің халқы, 1954 жылға қарағанда, кітапты 60 процент, оқушылар — оқулықтар мен оқу құралдарын 32 процент көп алатын болады. Үстіміздегі жылдың 4 айы ішінде албан және совет авторларының 28 түрлі кітаптары мен кітапшалары басып шығарылды.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«АЙНЫМАС ДОСТАР»

Сағат 4-30, 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЕГІЗДЕР»

Сағат 4-30, 6-30-да басталады.

ҚҰРЫЛЫСТА ЖҰМЫС ІСТЕУ ҮШІН

Механик, сол сияқты, қала ішінде және кірпіш заводы құрылысында жұмыс істеу үшін маусымды және түпкілікті жұмысқа түрлі жұмысшылар керек. Қалада тұрушылар жұмысқа барып, келіп жүруі үшін транспортпен қамтамасыз етіледі.

Жұмыс жайы жөнінде Мотор көшесі, 102-үйге келіп кадр бөлімінен түсінік алуға болады.

Қалалық май заводына тез арада май қабылдаушылар, дайындау инспекторы және транспорт жұмысшысы КЕРЕК.

Еңбекақы смета бойынша төленеді.

Адрес: Куйбышев көшесі, 51-үй. (Ойқала).

Петропавлдағы «Строитель» өндіріс артеліне (Есілдің арғы бетіндегі кірпіш заводы) түпкілікті жұмысқа кірпіш және үй төбесін жабатын материалдар өндіру жөніндегі жұмысшылар, ағаш шаберлері, жүк тиеушілер және атшылар КЕРЕК.

Май өндірісі тресіне инженер немесе тоңазытқыш жабдықтармен таныс техник-механик, құрылыс-техник және үй күтуші КЕРЕК.

Адрес: Қарағанды көшесі, 33-үй. Май өндірісі тресі.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үн. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-52, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.